

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы



«2024-2025 оқу жылында
Қазақстан Республикасының
жалпы білім беретін мектептерінде
білім беру процесін ұйымдастырудың
ерекшеліктері туралы»

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

«2024-2025 оқу жылында
Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін
мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың
ерекшеліктері туралы»

Астана
2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама).

«2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113 б.

Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

МАЗМҰНЫ

6	I 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
7	1.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер
11	1.2 Үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері
12	1.3 Мектепалды сыныптарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру
13	II БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
13	2.1. Тіл және әдебиет
23	2.2. Математика және информатика
30	2.3. Жаратылыстану
39	2.4. Адам және қоғам
50	2.5. Технология және өнер
54	2.6. Дене шынықтыру
57	2.7. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»
59	2.8. «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс

61	III БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР
61	3.1. Білім алушылардың цифрлық дағдылары мен құзыреттерін дамыту
62	3.2. Интерактивті және танымдық-қызықты білім беру ортасын құру үшін цифрлық технологиялар мен шешімдерді пайдалану
69	3.3. Қашықтан оқытуда цифрлық технологияларды қолдану
70	3.4. Біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыруда цифрлық ресурстарды пайдалану
72	IV ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
80	V ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ
89	VI ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
98	VII БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІ МЕН БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ
107	Білім беру жобалары білім беруді дамытудың драйверлері ретінде
111	ҚОСЫМША. Атаулы күндер

Құрметті әріптестер!

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы сақтау, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (бұдан әрі – МЖМБС), Үлгілік оқу жоспарларын (ҮОЖ) және Үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатқа мыналар кіреді:

- Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер;
- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері бойынша түсініктемелер;
- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ іске асыру жөніндегі ұсынымдар;
- білім беру процесінде цифрлық шешімдерді қолдану бойынша ұсынымдар;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар;
- ішкі және сыртқы бағалауды жүргізу бойынша ұсынымдар;
- білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларының үздіксіз кәсіби дамуын әдістемелік сүйемелдеу, мектепішілік бақылауды ұйымдастыру мен мектептің дамуын жоспарлау бойынша ұсынымдар.

Алдағы оқу жылындағы өзекті міндеттер білім алушылардың академиялық адалдығын дамыту, білім беруді жақсарту үшін жасанды интеллектіні қолдану, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жүргізу болады.

Құрметті ұстаздар! Бұл әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде әдістемелік қолдау болады деп сенеміз.

[1

2024-2025 Оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері



- Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр.
- Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3- сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі
- «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады
- «ДосболLIKE» бағдарламасын және «Менің бауырым» волонтерлік жобасын іске асыру шеңберінде мектепте салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасады
- Ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдері енгізіледі
- 2024 жылдан бастап «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру шеңберінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс белсендіріледі
- 2024 жылдан бастап педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы енгізілді
- «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадр резервінің республикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады
- Цифрлы технологияларды пайдаланып шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамытуға бағытталған пилоттық жобалар масштабталады.
- Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы бойынша жұмыстар күшейтіледі
- Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтіледі.
- «Жер елшілері» креативті жастардың Бүкілқазақстандық экологиялық қозғалысы» жобасы шеңберінде білім алушыларға экологиялық білім беру жүзеге асырылады

1.1 ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
2	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170
3	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767
4	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
5	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306

6	«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
7	«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
8	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138
9	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
10	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
11	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128
12	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. № 57 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495
13	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317

14	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292
15	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890
16	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1
17	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279
18	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420
19	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085
20	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553
21	«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067
22	«Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915

23	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355
24	«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы	https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780
25	«Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414
26	«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare
27	«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare
28	«Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449
29	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
30	«Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000789_
31	«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748
32	«Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857



Назар аударыңыз!

- Қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрініс табады <https://adilet.zan.kz/kaz>.
- Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.

1.2 ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары:

үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады;

үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады.

білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін;
- 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын;
- «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.

1.3 МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында немесе отбасында жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторингке сәйкес жүзеге асады.

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, жылына 3 рет (бастапқы – қыркүйекте; аралық – қаңтарда; қорытынды – мамырда) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеші оқу жылына баланың жеке даму картасын толтырады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиелеу-білім беру процесі 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі) жүзеге асырылады.

Оқу жылы ішінде мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының www.irrd.kz порталы қамтамасыз етеді.

Білім берудегі сабақтастық оқушының бір білім деңгейінен екіншісіне ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағытталып, толыққанды дамуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық білім беру процесінің әдіснамасы мен мазмұнының үздіксіздігі мен бірлігі, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығына мүмкіндік беретін білім алушылардың білімі мен дағдыларын кезең-кезеңімен арттыру болып табылады. Бастауыш мектеп баланың одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі білім беру нәтижелеріне сүйенеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру» («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

[2

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС, ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері



2.1 «ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Қазақ тілі», «Литературное чтение», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Русский язык», «Шетел тілі»;
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік әдебиеті», «Шетел тілі»;
- жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік тілі», «Ұйғыр/ Өзбек/ Тәжік әдебиеті», «Шетел тілі», қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттары бойынша, «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті».

Жоғарыда аталған оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-3, 11-15, 103-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6-8, 16-20, 104-қосымшаларында (5-9 сыныптар), 21-30, 85-90, 105, 106- қосымшаларында (10-11 сыныптар) көрсетілген.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі тілдік оқу пәндерінің мазмұны тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын, сондай-ақ фонетика, лексика және грамматика негіздерін дамыту арқылы бастапқы коммуникативтік дағдыларды дамытуды қоса алғанда, білім алушылардың бастапқы сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, оларды зерделеу имплициттік оқыту прин-

ципін пайдалану арқылы жүзеге асырылады, бұл пәндік мазмұнды ережелерді жаттамай меңгеруді білдіреді.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі тілдік оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес тіл жүйесімен танысуды қоса алғанда, тілдік дағдылары мен рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуды, сөздік қорын байытуды, қазіргі әлемде тілдерді үйренудің маңыздылығын, көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтас бейнесін түсінуді, құрметпен қарауға тәрбиелеуді қамтамасыз етеді және әртүрлі көзқарастар мен мәдениеттерге, оқытылатын тілдегі әртүрлі ақпарат көздерімен өз бетінше жұмыс істей білуге, оның ішінде жасанды интеллект негізіндегі Интернет-ресурстар мен платформалармен шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға және пайдалануға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі тілдік оқу пәндерінің мазмұны көптілді және көпмәдениетті орта жағдайында бәсекеге қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыруға, әртүрлі стильдегі түпнұсқалық мәтіндердің мазмұны бойынша сөздік қорын байыту арқылы коммуникативтік құзыретті жетілдіруге бағытталған, бұл коммуникативтік құзыретті дамыту білім алушының дүниетанымы мен оған көзқарасын, академиялық дағдыларды, зерттеу жұмысының дағдыларын және әртүрлі оқу міндеттерін шешуге, шығармашылық тәсілді дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда (оқу сауаттылығы) білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру. Тілдік оқу бағдарламаларында берілген білім алушылардың алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде әртүрлі мәселелерді шешуде қолдана білуде негізгі мақсатқа жету үшін оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту маңызды. Осыған байланысты ҮОБ-дағы оқу мақсаттарында пәндік (академиялық) және функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану, шығармашылық пайымдау, мәселені шешудегі сыни көзқарас және т.б.) құрамдас бөліктерін ажырату маңызды, мысалы:

ҮОБ бөлімдері	Пәндік (академиялық) компоненті басым оқу мақсаттары	Функционалдық компоненті басым (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану) оқу мақсаттары
Менің мектебім	<p>2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау</p> <p>2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру</p> <p>2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу</p> <p>2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау</p> <p>2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу</p> <p>2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану</p> <p>2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату</p> <p>2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау</p>	<p>2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау</p> <p>2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу</p> <p>2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру</p> <p>2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру</p> <p>2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу</p>
Моя семья и друзья	<p>2.1.2.1 определять в прослушанном тексте, что хотел сказать автор/в чем он хотел нас убедить (используя опорные слова);</p> <p>2.1.6.1 произносить правильно слова: с трудным ударением, с сочетаниями «чт», «чн», «щн» «гк», «гч», иноязычного происхождения</p> <p>2.2.3.1 отвечать на вопросы по содержанию прочитанного, формулировать вопросы с опорой на ключевые слова;</p> <p>2.3.7.2* определять и проверять безударные гласные в корне, изменяя форму слова/определять значимые части слова;</p> <p>2.3.7.4* обозначать парные глухие/звонкие, твердые/мягкие согласные на конце и середине слова, применять способы их проверки;</p> <p>2.3.7.8* переносить слова по слогам, с буквами й, ь, с двойными согласными</p>	<p>2.1.3.1 прогнозировать содержание информации на основе заголовка и опорных слов;</p> <p>2.1.4.1 участвовать в диалоге, высказывая свое мнение и выслушивая мнения других;</p> <p>2.2.4.2 определять художественные и нехудожественные тексты (стихотворение, рассказ, научно-познавательный текст)</p> <p>2.3.1.2 создавать небольшие тексты (рассказ) на основе особенностей художественного стиля (с помощью учителя);</p>

Әрбір сабақта оқу мақсатына жету білім алушылардың қажеттіліктеріне және оқу материалының күрделілігіне немесе көлеміне байланысты реттеледі. Бұл жағдайда оқу мақсаттарын негізгі және сабақтас мақсаттарға дұрыс топтастыру маңызды, мұнда негізгі мақсат пәндік бөлікті оқуға бағытталады, ал сабақтас мақсат функционалдық бөлікке бағытталады. Оқытуда барлық оқу мақсаттарына жету маңызды.

Мәтінді оқу және түсіну дағдылары оқу сауаттылығының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде бастауыш сыныптардан бастап дамытылып және мәтіннің түрлері: тұтас және тұтас емес мәтіндер (инфографика, кесте және диаграмма түрінде) ұсынылуы керек. Мысалы, 2.1.3.1 прогнозировать содержание информации на основе заголовка и опорных слов мақсатын жүзеге асыру үшін білім алушыларға келесі тапсырманы ұсынуға болады:



«Сыныптастарымның отбасындағы дәстүрлер» тақырыбына суреттер мен фотографиялардан тұратын өз парақшанды дайында.


Мұндай тапсырмалар цифрлық дағдыларды дамытуға, сонымен қатар сыни және шығармашылық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді:

Оқу мақсаты	Сұрақтар мен тапсырмалар	Тапсырмалардың күтілетін нәтижелерге бағытталуы
5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;	Саяхатқа шығуға дайындық жасау туралы шағын мәтін құрастырып, жазайық	Құзыреттіліктер: пәндік: Мәтіннің мазмұнын ұғады, нақты ақпараттарды анықтау үшін сұрақтар құрастырады, метапәндік: мәтінді өңдеп, қайта редакциялай біледі.
5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау.	Жоғарыда құрастырған мәтінімізге түзетулер енгізіп, әдеби тілмен қайта редакциялап жазайық.	пәндік: мәтін мазмұнын түсініп, түзетулер енгізу жолдарын білу метапәндік: Өз ойын сауатты және жүйелі жеткізе білу

Ақпараттық қоғамда, үлкен көлемдегі деректерді өңдеу маңызды болған кезде, әртүрлі сауаттылықты дамыту қажет. Осылайша, оқу мақсаттарын жүзеге асыруда «6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру»; «6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру» әртүрлі көздерді пайдалануға негізделген тапсырмалар ұсынылады:

Тапсырма түрлері	«Су – тіршілік көзі» (Судың адам ағзасына пайдасы туралы)
<p>Мәтіннің негізгі мақсатын анықта. (Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан).</p> <p>Судың жүрек- қан тамыр жүйесі жұмысын қиындататынын айту.</p> <p>Судың пайдасы туралы нақты ақпарат беру.</p> <p>Судың дене температурасын реттейтінін баяндау.</p> <p>Суды үнемдеуді насихаттау.</p>	<p>Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су — қоректік заттектерді тасымалдаушы. • Су — еру мен суспензиялау үшін тамаша орта. Көптеген субстраттар суда ериді немесе суспензияға айналады, осылайша жаңа заттектер түзетін реакцияларға түсе алады. • Судың жылуды сақтау қасиеті жылуды сіңіріп, оны жылу өнімі және тер булануы ретінде шығара отырып, дене температурасын реттеуге көмектеседі. <p>Ағзаның қалыпты жағдайдағы су шығынының түрлі жолдары бар болса, ағзаға су түсуінің екі жолы бар: судың зат алмасу процесінде пайда болуы мен ауыз арқылы тұтыну.</p> <p>https://zhardem.kz/</p>
<p>Қай тұжырымды дұрыс деп санайсың?</p> <p>Сол жақта берілген мәтіннің ақпаратын пайдалан. Сұрақтың жауабы ретінде дұрыс жауап нұсқасын белгіле.</p> <p>Адам шөлге, аштыққа шыдамды келеді.</p> <p>Су қоректік заттектерді жеткілікті түрде тасымалдамайды.</p> <p>Су жылуды сақтамағандықтан, дене температурасын реттейді.</p> <p>Судың артық болуы жүрек- қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады.</p>	

ҮОБ-дағы оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін мәтінді оқудың түрлерін білу және пайдалану маңызды. Осылайша, «8.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts» оқу мақсатында мәтіннің нақты мәліметтері мен детальдерін анықтау үшін тұтас емес мәтінді және сканерлеп оқу стратегияларын пайдалану тиімді:

	<p>Applying</p> <p>Task 3. If you have signed up to the gym, in the first month you can ...</p> <ul style="list-style-type: none"> A) pay additional fees B) discount an idea C) pay 25% less E) be healthy D) call for free demo
---	--

5-9 сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан табуға болады <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т.б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Оқу мақсаттарына жетуде оқу сауаттылығын дамыту үшін тапсырмалардың әртүрлі түрлерін пайдалану ұсынылады:

Оқу мақсаты	Тапсырма түрлері	Дағдылар
Оқу сауаттылығын дамыту		
9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 8.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts;	<ul style="list-style-type: none"> • ақпаратпен жұмыс істей білуге арналған тапсырмалар, • әртүрлі типтегі мәтіндермен (тұтас және тұтас емес) жұмысқа арналған тапсырмалар, 	сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты іздеу, талдау, мәтінді синтездеу және интерпретация
8.4.6.1 recognise the attitude or opinion of the writer on a growing range of unfamiliar general and curricular topics, including some extended text;	<ul style="list-style-type: none"> • мәтіннің нақты ақпараты мен детальдерін анықтау; 	лау, сөздік қорын молайту
4.3.3.1 trouver des informations spécifiques dans différents types de textes (réseaux sociaux, courriels, publicités, programmes d'événements spéciaux, dépliants et brochures: jour, heure, lieu, etc.)	<ul style="list-style-type: none"> • оқу стратегияларын қолдану, • мәтінді сыни бағалау (талдау), 	
3.3.3.1 sehr kurze, einfache Anweisungen in vertrauten Alltagskontexten verstehen, (z.B. Essen und Trinken verboten), insbesondere, wenn sie bebildert sind	<ul style="list-style-type: none"> • екі немесе одан да көп дереккөздерді салыстыру, 	
2.2.6.1 сравнивать тексты описательного и повествовательного характера по следующим параметрам: тема, основная мысль, тип текста, ключевые слова (с помощью учителя) (ТУПр по учебному предмету «Русский язык» для 2 класса (с русским языком обучения);	<ul style="list-style-type: none"> • ақпараттың растығын тексеру, • ақпаратты желіде іздеу, сөздіктермен және әртүрлі дереккөздермен, соның ішінде цифрлық ақпарат көздерімен жұмыс істеу 	

Білім алушылардың практикалық іс-әрекетінде білімді игеру мен қолданудың маңызды әдістемелік шарты жаңа білімді бұрынғы жиналған біліммен сабақтастыру болып табылады. Бұл білім алушының шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, әрі қарай жетілдіріліп, өзін-өзі дамытуға қабілетті жеке тұлға ретінде қа-

лыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Мысалы, «2.1.4.1 участвовать в диалоге, высказывая свое мнение и выслушивая мнения других» оқу мақсатына жету үшін диалогқа қатысты жабық және ашық сұрақтарды құрастырумен қоса, жүйелі және дәйекті құрылымдауды басымдылыққа алу қажет.

Сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылықты дамыту келесі оқу мақсаттарында көрсетілген:

4. Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйеніп отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу
--------------	---	--	--	---	--

Осы мақсаттарға жету үшін білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, талдау және шешімдер қабылдау, өз бетінше ойлау, бейімделу, күрделі және стандартты емес жағдайларда тапсырмаларды оңтайлы орындауға бағытталған оқытудың PBL, төңкерілген сынып, пікірсайыс, ойын технологиялары және т.б. сияқты интерактивті әдістері мен технологияларын пайдалану ұсынылады. Осы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда әдеби сын жазу шеберлігіне мән берген жөн. 5-сыныпта әдеби сынның көлемі 2-3 сөйлем болса, 9-сыныпта шағын мақала жазуға дейін ұлғаяды. Осындай тапсырмаларды орындау арқылы білім алушының көркем шығармаға қатысты өз ойын жеткізе білу, ой қорыту дағдысы қалыптасады.

Білім алушылардың шығармашылық ойлауын пайымды, сыни, логикалық және өнімді ойлауды дамыту арқылы жетілдіру ұсынылады:

1. пайымды ойлау. Бұл білім алушылардың ортақ мәселе жөнінде пікірталасуына мүмкіндік бере отырып, шындықты дұрыс түсіндіре алуға үйрету үшін қажет. Мысалы, 7-сыныпта берілген оқу мақсатында **«7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу»** жүзеге асыруда пікірін аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдеуді үйрену маңызды.
2. сыни ойлау – білім алушы заттардың белгілері мен қасиеттерін, деректер мен ұғым-түсініктерді жақсы білуі және үнемі ізденуі шарт. Мысалы, 6-сыныпта төмендегі оқу мақсаттарын: **«6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, өмірбаян, күнделік, мінездеме, түсініктеме жазу»; «6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу»** бір апталық өміріңе күнделік жазу арқылы жүзеге асыру ұсынылады. Ол әр күн сайын қысқа және жинақы түрде жүр-


гізілетін есеп. Күнделікті жүргізу білім алушының өзін-өзі, өз қалауын түсінуге және қателіктерін анықтап, талдауға мүмкіндік береді.

3. логикалық ойлау – білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуға, қорытынды жасауға және құбылыстар мен заттар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Логикалық ойлауды әсерлі жеткізуде төмендегі оқу мақсатын алып **«7.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу»** публицистикалық мақала жаздыруға болады. Ол арқылы білім алушылар аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлауы, сонымен қатар зерттеушілік, коммуникативтік және тілдік дағдылары қалыптасады;
4. өнімді ойлау – зерттеушілер осы өнімді ойлауды креативті ойлаумен барабар деп санайды. Төмендегі оқу мақсатын **«8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, интервью, пікір, шағын мақала жазу»** басшылыққа ала отырып, белгілі бір тақырыпқа қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеретін, шағын көлемдегі журналистік зерттеу жүргізу ұсынылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыруға болады.

Мектептерде «Балалар кітапханасы» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның мақсаты - көркем әдебиеттің әртүрлі кезеңдері мен жанрларын қамтитын ұсынылған кітаптар тізіміне сәйкес кітапхана қызметінің мазмұнын және кітапханалардың негізгі қорын жаңарту. Бүгінгі таңда ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімін жасады, оған отандық және әлемдік әдебиеттің 1770 туындысы кірді. Олардың қатарында Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов сияқты жазушылардың шығармалары бар.

Шетел тілі сабақтарында талдау, нақты ақпарат пен мәліметтерді іздеу, сондай-ақ ұқсас материалды құру үшін бірнеше тұтас емес мәтіндер мен тапсырмаларды орындау ұсынылады:



8.4.2.1 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts;

Evaluating

Study the posters of the fitness centers and recommend one of them to your friends. Explain your choice

Creating

Make a poster of a fitness center you would like to own.

Сыни тұрғыдан ойлау ақпаратты талдау, бағалау, қорытынды жасау және өз көзқарасына дәлел келтіру қабілетін дамытады. Ал шығармашылық ойлау дегеніміз – жаңа идеяларды тудыру және мәселелерді шешуде стандартты емес тәсілдерді қолдану қабілеті болып табылады.

Білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру

Білім беру ортасы зерттеу дағдыларын тиімді дамытудың маңызды факторы болып табылады. Сұрақ қоюдың әртүрлі әдістерін қолдану зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «4.2.5.1 находить информацию по трем и более источникам (словари, справочники, энциклопедии, детские познавательные журналы, газеты) на заданную тему и интерпретировать ее» оқыту мақсатын іске асыру кезінде білім алушылардың айқын және жасырын ақпаратты табу, дәлелдеу, өз пікірін дәлелдеу, түсіндіру, айтылғандарды қорытындылау, диалогқа түсу және т. б. дағдылары дамиды. Ал «3.2.4.2 определять художественные, нехудожественные тексты по их особенностям (рассказ, научно-познавательный текст, заметка, биография, автобиография, объявление, реклама)» оқыту мақсатын іске асыру кезінде шағын топтармен (командада) жұмыс жасап, нақты жағдайларды талдау үшін «Кейстер әдісін» қолдану ұсынылады.

«1.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, аннотация, үндеу, баспасөз парағын жазу» оқу мақсатын іске асыру кезінде білім алушылар таңдалған тақырыпты зерделейді, мақала жоспарын жасайды (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), тақырып аясында зерттеулер жүргізеді (мәселені анықтайды, талдайды, шешім ұсынады, қорытынды жасайды), мақаланы баяндау түрінде жазады. Мақаланы жазу кезінде тақырыптың өзектілігін (маңыздылығы, жаңалығы) ескере отырып, ғылыми деректер мен қажеттілігіне қарай статистикалық ақпараттар келтіру қажет.

Жобамен жұмыс – бұл білім алушыларға тілдің ережелері мен лексиканы үйренуге ғана емес, сонымен қатар өзіндік жұмыс жасау дағдыларын, зерттеу, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың тиімді әдісі.

Тілдік пәндерді оқытуда жобамен жұмыс жасаудың бірқатар артықшылықтары бар:

- білім алушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады;
- жеке ізденуді, жауапкершілікті және бастамашылықты дамытады;
- зерттеу жұмысын жүргізу, ақпаратты талдау және проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастырады;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын жақсартады;
- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- пәнаралық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді;

- білім алушыларға алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Тілдік пәндердегі жоба тақырыптары әртүрлі болуы мүмкін:

1. Тілі оқытылатын елдің тарихы мен мәдениетін зерттеу.
2. Белгілі жазушылар мен ақындардың, өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеу.
3. Тілі оқытылатын ел мен қалаларына туристік маршруттар құру.
4. Әр түрлі тілдердегі лингвистикалық құбылыстарды салыстырмалы талдау.
5. Өз тілдік жобаларын (сайттар, блогтар, бейнероликтер) және т. б. жасау

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша жобалық жұмыстарға ұсынылатын тақырыптар:

1. Different cultures mean different traditions?
2. Factors that influence the popularity of artists
3. Formal and informal speech in English and Kazakh
4. Reverse culture shock Is Graffiti Art or Vandalism?
5. Learning languages and technologies
6. The power of colours

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс

Тілдік пәндер бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу педагогтен оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы кешенді түрде жеке жұмыс жүргізуді талап етеді. Осы санаттағы білім алушылармен жасалатын жұмыстар:

- жазбаша жұмыстардың, тесттердің, ауызша сауалнамалардың нәтижелерін талдау;
- білім алушылармен, ата-аналармен, сынып жетекшісімен және басқа пәндерді жүргізетін педагогтермен тығыз қарым-қатынаста болу;
- білім алушылардың білімдегі олқылықтарын, оларға қиындық туғызатын мәселелерді анықтау.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

- білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру (жұмыс қарқыны, ойлау стилі, есте сақтауы);
 - олардың тіл үйренуге деген ынтасын дамыту;
 - білім алушының өз қабілеттеріне деген сенімін қалыптастыру;
 - оқу процесін барынша тиімді және нәтижелі жүргізу (материалды жеңілдетіп, бөліп беру т.б.).
-

Мысалы «7.3.3.1 give an opinion at discourse level on a growing range of general and curricular topics» оқу мақсатын іске асыру кезінде бастапқы кезеңде білім алушы өз пікірін бір сөзбен, содан кейін сөз тіркесімен, сөйлеммен және мәтінмен білдіруді үйренеді. Яғни, шет тілі сабақтарында оқыту олардың коммуникативті дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Сөздерді есте сақтаудың әртүрлі әдістерін қолдану (карталар, жаттығулар, ойындар), зерттелген материалды үнемі қайталап отыру; фразалық қорды толықтыру (идиомалар, мақал-мәтелдер, фразеологиялық айналымдар); сөздердің мағыналарын әр түрлі дереккөздерден табу үшін әртүрлі мәнмәтіндерді қолдану, сөздердің мағынасын табу қабілеті оларды дұрыс пайдалану және т.б.

Осылайша, тапсырмаларды біртіндеп қиындату принципі оқуға ықпал етеді. Scaffolding, рөлдік ойындар, жеңіл бірақ өзекті тақырыптар бойынша пікірталастар, цифрлық платформаларды пайдалану тілдің белсенді қолданылуына ықпал етеді және шет тілдік ортаға жақсы бейімделуге көмектеседі, қателіктерден қорықпауға және өз ойларын еркін білдіруге ынталандырады.

Бұл дағдылар табысты қарым-қатынас пен түсінудің кілті болып табылады, олар тілдік кедергіні еңсеруге көмектеседі, білім алушыларға нақты өмірлік жағдайларда тілді қолдануға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау маңызды. Бұл білім алушылардың тілдік құрылымдарды жақсы меңгеруіне ықпал етеді, сонымен қатар олардың сенімділігін арттырады.

2.2 «МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра», «Геометрия» (7-9-сыныптар) және «Информатика» (5-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 1–3, 11–15, 103-қосымшаларымен (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20, 104-қосымшаларымен (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90, 105,106-қосымшаларын-

да (10-11-сыныптар) берілген.

Оқу пәндерін игеру ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Атап айтқанда, «Математика» (1-4-сыныптар) - 26-қосымша, «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар) - 27-қосымша, «Математика» (5-6-сыныптар) - 52-қосымша, «Алгебра» (7-9-сыныптар) - 53-қосымша, «Геометрия» (7-9-сыныптар) - 54-қосымша, «Информатика» (5-9-сыныптар) - 55-қосымша, «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 104-қосымша, «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 105-қосымша, «Геометрия» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 106-қосымша, «Геометрия» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 107-қосымша, «Информатика» (10-11-сыныптар, ЖМБ) - 108-қосымша, «Информатика» (10-11-сыныптар, ҚГБ) - 109-қосымша.

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда (оқу, математикалық жаратылыстану сауаттылығы) білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру

Функционалдық сауаттылық бұл білім алушылардың пән мазмұнын меңгеру барысында қол жеткізе алатын білім деңгейі және адамның қолданбалы білімге негізделген өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті екені белгілі. Функционалдық сауаттылықтың бір бағыты математикалық сауаттылық болып табылады. Бұл білім алушының математикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және әртүрлі практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімін қолдану қабілеті. Математикалық сауаттылық құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды көздейді. Бұл математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізі бар пікірлер айтуға, белсенді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамытатын әртүрлі математикалық материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылардың пән бойынша білімін бекіту мен тереңдету, практикалық дағдыларын қалыптастырумен қатар олардың түрлі иллюстрациялармен жұмыс жасауын көздейді.

Мектептегі оқу процесінде математиканы оқытуда бұл міндеттерді іске асыру кезінде жаттығулар жүйесі ерекше рөл атқарады, оның ішінде білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту, математиканы басқа пәндермен интеграциялау бойынша жұмысты ұйымдастырудың бір әдісі ретінде практикаға бағытталған тапсырмалар, мәнмәтін негізіндегі тапсырмалардың маңызы зор.

Мәнмәтіндегі тапсырма мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес болуы қажет. Мұндай тапсырмаларды құрастыру барысында онда қолданылатын терминдердің білім алушыға таныс болуына немесе түсіндірме үшін сілтеменің көр-

сетілуіне; мазмұнында білім алушыны қызықтыратындай жаңалықтардың болуына; сұрақтарының арасында жүйелі байланыстың болуына; тапсырма мәтіннен ғана емес иллюстрациядан тұруына назар аударылуы керек.

Математиканың тапсырма мәтінде басқа пәндердегі немесе күнделікті нақты өмірдегі жағдайлар баяндалуы, әртүрлі пәндік салалардың негізінде құрастырылуы мүмкін. Бұл орайда білім алушыларға әртүрлі мәнмәтін беру маңызды.

Мәнмәтін негізіндегі тапсырма білім алушылардан есептеулер жүргізуді ғана емес, сонымен қатар өз жауаптарын негіздеуді қажет етеді. Осы орайда білім алушылар өз қадамдарын түсіндіру үшін дәлелдер келтіруі керек. Бұл өз алдына білім алушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Мәнмәтін негізіндегі тапсырманы орындау барысында білім алушыларда берілген жағдайды талдау, түсіну және түсіндіру, шығару тәсілін таңдау дағдылары қалыптасады; білім алушылардың танымдық қызығушылығы артады, математикалық, оқу, қаржылық, ақпараттық сауаттылығы дамиды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

«Информатика» оқу пәні бойынша білім алушылардың алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін дамыту білім беру процесінің маңызды мақсатын білдіреді. Білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру білім беру әдістері мен стратегияларының кең спектрін қамтитын кешенді тәсілді талап етеді:

- оқу материалын информатика саласындағы нақты сценарийлер мен жағдайларға біріктіру білім алушыларға ақпараттық технологиялардың күнделікті өмірде қолданылуын көруге мүмкіндік береді. Оған мобильді қосымшаларға арналған программалық қосымшаларды әзірлеу, медициналық диагностикадағы деректерді талдау, қоршаған ортаны басқару жүйелерін құру және өнеркәсіптегі процестерді оңтайландыру;
- практикалық жұмыстарды жүргізу информатика саласында дағдыларды игеруге бағытталған. Мысалы, программалау, деректерді талдау, веб-сайттар құру және басқа компьютерлік қосымшалар бойынша тапсырмаларды орындау;
- нақты жағдайларға байланысты компьютерлік мәселелер мен міндеттерді шешу аналитикалық ойлауды дамытуға және алған білімдерін қолдануға ықпал етеді. Мысалы, қауіпсіздік жүйелеріндегі ақпараттық процестерді талдау, күнделікті өмірдегі киберқауіпсіздікке қатысты мәселелер, өндірістік процестерді оңтайландыру алгоритмдерін әзірлеу және басқа да осыған

ұқсас міндеттер;

- информатикада оқытудың интерактивті әдістерін қолдану материалды тиімдірек игеруге және алынған білімді қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді;
- виртуалды ортадағы ақпараттық процестермен тәжірибе жасау білім алушыларға денсаулық пен қоршаған ортаға қауіп төндірмей информатиканың негізгі тұжырымдамаларын түсінуге, практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды зертханалық жұмыстарды жүргізу, әзірлеудің мамандандырылған ортасында алгоритмдерді модельдеу және программалау;
- білім деңгейін бағалап қана қоймай, білім алушыларды алған білімдерін әртүрлі сценарийлерде талдауға және қолдануға ынталандыратын кері байланыс беру информатикадағы білім беру процесінің негізгі аспектісі болып табылады. Мұндай кері байланыс тапсырмаларды орындаудың дұрыстығын бағалауды ғана емес, сонымен қатар шешім әдістерін талдауды және ақпараттық процестерді зерделеуде зерттеу тәсілін ынталандыруды қамтуы мүмкін.

Мектептегі информатика бағдарламасында икемді дағдыларды дамыту оқыту мақсаттары аясында жүзеге асырылады:

5.2.1.1 әртүрлі ақпарат түрлерінің мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну	ақпарат түрлерін тану және оларды мәтін, графика, аудио, видео және т. б. сияқты әр түрлі формада ұсыну дағдылары
8.4.1.1 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалану	компьютерлік техникамен жұмыс істеу кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдылары
6.4.2.2 «авторлық құқық» және «плагат» ұғымдарын түсіндіру	құндылықтар және академиялық адалдықтың дағдылары
7.4.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау	жүйенің қауіпсіздігін сақтау үшін компьютерді вирустардан қорғау және программалық қосымшаларды жаңарту дағдылары
8.4.2.1 желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернетте алаяқтық пен агрессия)	кибералаяқтық пен кибербуллингті қорғау үшін онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдылары
10.1.2.1 «ақпараттық қауіпсіздігі», «құпиялылық» және «тұтастық» терминдерінің мағынасын түсіндіру	ақпараттық қауіпсіздік, ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау, деректердің тұтастығы мен құпиялылығын қауіп-қатерден қорғау дағдылары.
11.1.1.1 бұлтты технологияның не екенін түсіндіру	бұлтты технологиялармен жұмыс жасау дағдылары

11.4.1.1 конструкторде ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құру	мобильдік қосымшалармен жұмыс жасау дағдылары
11.4.2.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау	<ul style="list-style-type: none"> • әдетте инновациялар, технологиялар немесе қызметтер саласында жаңа бизнесті немесе жобаны құру және дамыту дағдылары; • жобаларды қаржыландыру әдісі ретінде краудфандинг принциптерін түсінуі; • өнімді жылжыту және сату дағдылары, соның ішінде маркетингтің әртүрлі әдістері, жарнамалар және өнімді нарыққа тарату стратегияларынан тұратын қаржылық сауаттылық дағдылары

«Информатика» пәні бойынша білім алушылардың сыни ойлау мен шығармашылығын дамытуға әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы:

1. топтық жобалар мен талқылаулар: білім алушыларды топтарға бөлу және оларға мәселелерді шешуге немесе жобаларды бірге құруға шақыру. Бұл бағдарламаларды әзірлеуді, веб-сайттарды құруды немесе тіпті пікірталас өткізуді қамтиды. Топтық динамика идеялармен алмасуға ықпал етеді және шығармашылықты ынталандырады.
2. технологияны қолдану: бағдарламалау, виртуалды даму орталары, сондай-ақ мультимедиялық презентациялар сияқты заманауи технологияларды біріктіру. Бұл білім алушыларға информатика туралы түсініктерін тереңдетіп қана қоймай, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Осылайша, осы тәсілдерді біріктіру компьютерлік білімнің теориялық базасын нығайтуға және оларды шығармашылық және сыни сценарийлерде қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Пәндік және түйінді құзыреттерді дамыту бойынша ұсыныстар

Мектептегі математикалық білім берудің мазмұны білім алушылардың зияткерлік дамуына, олардың ойлау мәдениеті мен дербестігін қалыптастыруға, алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігіне бағытталған. Қойылған міндеттерді шешу үшін мектепте математика курсы игеру барысында негізгі және маңызды орындардың бірін алатын жаттығулар жүйесіне ерекше рөл беріледі. Математика бойынша жаттығулар жүйесіне келесі типтегі тапсырмалар кіреді:

- ағымдағы оқылатын материалды қолдануға арналған тапсырмалар;
- әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар; шығармашылық тапсырмалар; пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыруға бағытталған есептер және т.б.

Математика сабақтарында әртүрлі мазмұндағы мәтінді есептерді (пәнаралық есептер, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар, ситуациялық есептер) шешу-

ге көп көңіл бөлу керек, олардың кейбіреулерін шығару барысында есептің мәтіні бойынша математикалық модель құрастырылады.

Сонымен қатар, білім алушылардың жазбаша дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыстарды жүргізу ұсынылады: тапсырмаларды орындау үшін нұсқаулықтар мен алгоритмдер жасау; математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру; тапсырманың орындалу барысын ауызша және жазбаша талдау (практикалық есептер контекстінде айнымалының қандай мәндерінде алгебралық өрнек мағынасы бар екенін талдау және түсіндіру; іріктеу арқылы комбинаторлық есептерді талдау, түсіндіру және шешу; үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер центрлерінің орналасуын түсіндіру).

Оқу пәнінің кез келген тақырыбы аясында білім алушының алдына белгілі бір пәнді игеру барысында алған білімнің көмегімен орындалатын тапсырмаларды қарастыруда математиканың мүмкіндік зор.

Жаратылыстану циклінің пәндерімен пәнаралық байланыстарды орнату, математика сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдалану қолданбалы есептерді қарастыру арқылы жүзеге асырылады (8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану). Мұндай есептерді шешу теорияны практикалық іс-әрекеттермен байланыстыруға мүмкіндік береді, бұл математиканы тереңірек меңгеруді және пәнге деген қызығушылықты дамытуға ықпал етеді (8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу).

Пәндерді оқуға деген қызығушылықты арттырудың бір жолы – білім алушылардың жобалық қызметі. Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады (4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру). Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлады, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Информатика. Пәндік құзыреттер бағдарламалау негіздерін, операциялық жүйелермен және кеңсе бағдарламаларымен жұмысты меңгеруге бағытталған. Бағдарламалау негіздері логикалық ойлауды, есептерді шешу қабілетін дамытады, алгоритмдік дағдыларды қалыптастырады; әртүрлі операциялық жүйелермен, олардың функцияларымен және мүмкіндіктерімен танысу компьютерлік ортаны түсінуді жақсартады және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады.

Бағдарламалау негіздерінде құзыреттілікті дамыту үшін білім алушыларға Python немесе Scratch тілінде қарапайым бағдарламалар жасайтын тапсырмаларды ұйымдастыру ұсынылады. Мысалы, сандардың қосындысын есептеуге,

сандарды жұп пен тақ санға тексеруге немесе қарапайым анимациялар жасауға арналған тапсырмаларды ұсынуға болады (1.4.2.1. ойын бағдарламалау ортасында дайын сценарий бойынша алгоритмді іске асыру (Scratch (scratch))); Білім алушылар блок-схемалар мен алгоритмдерді қолдана отырып ойындар немесе интерактивті әңгімелер жасай алатын сабақтар да пайдалы (8.3.1.1 Python бағдарламалау тілінде тапсырма модельдерін жасау (Python)).

Білім алушылардың операциялық жүйелермен жұмыс істеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін операциялық жүйелердің әртүрлі функцияларын зерттейтін сабақтар өткізу ұсынылады. Бұған файлдар мен папкаларды басқару, Жүйе параметрлері және пайдаланушы интерфейсі кіруі мүмкін. Сонымен қатар, білім алушыларға Windows, macOS және Linux сияқты әртүрлі операциялық жүйелермен танысуға мүмкіндік беру керек, осылайша білім алушылар әртүрлі жүйенің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін салыстыра алады (6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі функцияларын атаңыз);).

Қатысушыларды желідегі ақпаратты сыни тұрғыдан ойлауға және талдауға үйрету олардың сенімді көздерді таңдау және ақпараттың дұрыстығын бағалау қабілеттерін нығайтады (1.1.4.2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес деп пайымдау);). Ақпаратты ыңғайлы форматта ұйымдастыру, өңдеу және ұсыну дағдыларын дамыту деректердің үлкен көлемімен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді (1.1.2.1 қабылдау тәсілі бойынша ақпарат түрлерін анықтау). Жобалық ойлауды ынталандыру шығармашылық және проблемалық-бағдарлау қабілеттерін дамытады.

Командада жұмыс істеу, мәселелерді шешу және шығармашылық сияқты негізгі құзыреттер қатысушылардың ақпараттық-технологиялық салада табысты жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тапсырмаларды шешу және жобаларды құру үшін топтарда жұмысты ұйымдастыру қатысушылардың коммуникациялық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қатысушыларды күрделі тапсырмаларды шешуде қолдау және проблемаларды шешуде шығармашылық тәсілдерді қолдану олардың аналитикалық және инновациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді (11.5.3.1 Startup (стартап) ұғымын сипаттау);).

Білім алушылардың жобалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру

Математика және информатика бойынша білім алушылардың жобалық зерттеу қызметін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл процесті жүзеге асыру қадамдары:

- тақырыпты таңдау: білім алушыларға өздеріне қызықты жоба тақырыптарын таңдауға мүмкіндік беру. Олармен информатика саласындағы өзекті тақырыптарды талқылау немесе таңдаудың бірнеше нұсқасын ұсыну;
- топ құру: білім алушыларды бірлесіп жұмыс істеу үшін топтарға бөлу; әр топтағы әр түрлі дағдылар мен қызығушылықтарды ынталандыру;
- зерттеу мақсаттары: білім алушыларды өз жұмыстарына бағыттайтын жоба-

- ның нақты мақсаттарын тұжырымдау;
- ақпаратты іздеу: білім алушыларға информатика саласындағы ақпаратты іздеу және талдау әдістерін үйрету; онлайн кітапханалар мен дерекқорлар сияқты зерттеу ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беру;
 - зерттеуді жоспарлау: білім алушыларға белгілі бір кезеңдермен зерттеу жоспарын құруға көмектесу; зерттеу әдістемесі мен деректерді жинау жоспарын талқылау;
 - деректерді талдау: білім алушыларға деректерді талдаудың қолайлы әдістерін қолдануға және олардың нәтижелерін түсіндіруге көмектесу;
 - есеп дайындау: білім алушыларды ғылыми есептер мен презентациялар жасауға үйрету; олардың зерттеу нәтижелерін презентациялар немесе жарияланымдар арқылы ұсыну мүмкіндігін ұйымдастыру.

2.3 «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

Жаратылыстану-ғылыми білім беру білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді. Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгермелі әлемдегі өз орнын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (5-6-сыныптар), «Физика», «Химия», «Биология», «География» (7-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде екі бағыт бойынша «Физика», «Химия», «Биология», «География» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы бастауыш білім берудің мақсаты «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз ету. Білім беру саласының мазмұны білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін түсіну білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерін-

де дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы негізгі орта білім берудің мақсаты – функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз ету.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1–3, 11–15,103-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20,104-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90,105-106 - қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

«Жаратылыстану» (28-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар, 56-қосымшаға сәйкес 5-6-сыныптар), «Физика» (57-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 10-11-сыныптар ЖМБ 112-қосымшаға сәйкес; ҚГБ 113-қосымшаға сәйкес), «Химия» (58-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 10-11-сыныптар ЖМБ 110-қосымшаға сәйкес; ҚГБ 111-қосымшаға сәйкес), «Биология» (59-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 10-11-сыныптар ЖМБ 114-қосымшаға сәйкес ҚГБ 115-қосымшаға сәйкес;) және «География» (60-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; ЖМБ 10-11-сыныптар 116-қосымшаға сәйкес; ҚГБ 117-қосымшаға сәйкес) оқу пәндерін оқыту «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2024 жылғы 5 наурыздағы № 54 бұйрығына сәйкес 3-сыныпта «Жаратылыстану» оқу пәні 1 сағат көлемінде оқытылады. Осыған байланысты оқу процесінде үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын негізге ала отырып «Жаратылыстану» оқулығын қолдану ұсынылады. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034116#z4886>).

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда (оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылығы) білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру.

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылық мәселелерін шешу үшін алынған білімді бейімдеу қабілетін қамтитын аналитикалық ойлауға үлкен мән беріледі. Бұл оқу сауаттылығын, математикалық құралдарды және «Жаратылыстану» саласындағы пәндік білімді пайдалануды талап ететін пәнаралық, тәжірибеге бағытталған және жағдаяттық есептер сияқты әртүрлі мазмұндағы сөздік есептерді шешуді қамтиды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Бастауыш білім беру деңгейіндегі «Жаратылыстану» пәні зерттеу, ойлау операцияларының негіздерін, коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға, қоршаған орта құбылыстарын түсіндіру үшін алған білімдерін қолдана білуге, әртүрлі көздерден алынатын табиғи-ғылыми және өмірлік маңызы бар мазмұндағы ақпаратты қабылдауға бағытталған.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» пәнін оқу процесінде білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда алған білімдерін қолдана білу дағдылары қалыптасады. Бұл процесс «3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау» оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген жоспарға сәйкес эксперимент жүргізу, нәтижелерді ыңғайлы түрде жазу және алынған деректер негізінде тұжырым жасау білігін талап етеді. Алынған дағдыларды одан әрі іс-әрекетте қолдану білім алушылардың эксперименттер жүргізіп, олардың негізінде болашақта оқуда және күнделікті өмірде пайдалы болатын қорытындылар жасай алатынын болжайды.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі «Жаратылыстану» пәні зерттеу, ойлау операцияларының негіздерін, коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға, қоршаған орта құбылыстарын түсіндіру үшін алған білімдерін қолдана білуге, әртүрлі көздерден алынатын табиғи-ғылыми және өмірлік маңызы бар мазмұндағы ақпаратты қабылдауға бағытталған.

Оқыту мақсаты	Оқыту мақсатының пәндік (академиялық) бөлігі	Оқыту мақсатының функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану) бөлігі
3.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу;	Білім алушылар жануарлардың негізгі сипаттамаларын зерделейді және омыртқалылар мен омыртқасыздардың арасындағы омыртқаның болуы немесе болмауы, дене бітімінің түрі, қозғалыс әдістері және т.б. айырмашылықтарды түсінеді.	Жануарлар әлемінің әртүрлілігін түсіну, оны омыртқалылар мен омыртқасыздарға жіктеу, табиғи ортаны және оны сақтаудың маңыздылығын тереңірек түсінуге ықпал етеді.
4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу;	Білім алушылар сүт қоректілерді, құстарды, балықтарды, жәндіктерді, қосмекендерді мен бауырымен жорғалаушыларды қоса алғанда, өз жерлерінде мекендейтін жануарлардың алуан түрлілігін зерделейді.	Жергілікті жануарлар әлемі және оның классификациясын түсіну табиғи ресурстарды пайдалану және туристік маршруттарды ұйымдастыру кезінде жануарлардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, адамдарға қоршаған ортаны көбірек білуге мүмкіндік береді.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық география, биология, физика және химия сияқты жаратылыстану ғылымдарының пәндік салаларын қамтиды.

Білім алушылардың «Химия» оқу пәні бойынша әртүрлі өмірлік жағдайларда білімді пайдалану қабілетін қалыптастыру білім беру процесінің маңызды міндеті болып табылады, ол негізгі химиялық тұжырымдамаларды түсінуді ғана емес, оларды нақты өмірде қолдану қабілетін де қамтиды. «Химия» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру химияның негізгі қағидаттарын жүйелі түрде зерделеуді, теориялық білімді бекіту үшін зертханалық жұмыстарды жүргізуді (химиялық процестерді қадағалау, тәжірибелер мен демонстрациялар жүргізу білімді нығайтады) қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Білім алушыларға нақты әлемде (медицинада, өндірісте, ауыл шаруашылығында, экологияда және басқа салаларда) химиялық білімнің қайда қолданылатынын көрсету маңызды. Химиялық білім берудің ерекшелігі тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар академиялық және күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді талдауға және шешуге ықпал ететін практикалық дағдыларды (мысалы, № 4 «Тағам құрамында қоректік заттарды анықтау» практикалық жұмысы) дамытуға ұмтылу болып табылады.

Химияны оқытудың басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың математикалық әдістерді де, табиғи процестер туралы білімді де пайдалана отырып, күрделі химиялық құбылыстарды талдай білу қабілетін дамыту. Бұл химиялық реакцияларды концептуалды деңгейде түсініп қана қоймай, алған білімдерін қоспалардың құрамын есептеу мен суды тазарту процестері сияқты практикалық есептерді шешуге қолдануға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда білімді пайдалану қабілетін қалыптастыру «Физика» оқу пәнінде іске асырылады. Мектептегі физика бағдарламасында өмір қауіпсіздігінің дағдыларын дамыту оқыту мақсаттары негізінде жүзеге асырылады.

Мысалы, 7-сыныпта «7.2.2.1 Инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру» оқыту мақсатын жүзеге асыруда адамдар көп жиналатын орындардың (концерттер, футбол матчтары және түрлі фестивальдар, тіпті мерекелік отшашулар) қауіпті екеніне тоқталып өтеді, өйткені кез-келген уақытта адамдардың бірін-бірі қысуы туындауы және тапталып қалуы мүмкін. «8.4.2.17 қысқа тұйықталудың пайда болу себептері мен алдын алу тәсілдерін түсіндіру» оқыту мақсатында электр қуатын қауіпсіз пайдалану туралы түсіндіреді, өйткені қауіпсіздікті сақтамаса ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін, ал «9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру» мақсатында білім алушылар құлаққап динамиктеріндегі тым жоғары дыбыс мидың жүйке жасушаларының қабығын зақымдайтынын, бұдан естімей қалу қауіпі туындайтынын біледі.

Сейсмикалық қауіп жағдайында білім алушылардың қауіпсіздік дағдыларын дамыту «География» оқу пәнін іске асыру шеңберінде көзделген. Мысалы, 7-сыныптағы «7.3.1.1 литосфераның құрылымы мен заттық құрамын айқындайды» оқыту мақсаттарында сейсмикалық белсенділіктің негізгі ұғымдары және рельефтің қалыптасуына әсері, «9.3.1.1 Жергілікті компонентті қосымша қамти отырып, Қазақстанның құрылымын геологиялық тарихы мен тектоникалық тарихын айқындайды» оқыту мақсаты жер сілкінісі кезінде өзін қалай ұстау керектігі және атмосфералық катаклизмдер кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы білім мен дағдыларды қалыптастырады.

Білім алушылардың «Биология» оқу пәнінің сабақтарында әртүрлі өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады.

Мысалы, нақты жағдайларда білімді қолдануды қажет ететін сабақтарға практикалық тапсырмаларды қосу; биологиялық эксперименттер жүргізу, тірі организмдерді бақылау немесе жергілікті флора мен фаунаны зерттеу; білім алушылар өз білімдерін нақты мәселелерді шешу үшін пайдалана алатын жобаларды ұсыну. Экожүйені сақтау жобасын құру, адам қызметінің қоршаған ортаға әсерін зерттеу ұсынылады.

Білім алушыларда сыни ойлау мен шығармашылықты дамыту «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерінің міндеттерінің бірі болып табылады. Атап айтқанда, 1-4 сыныптарда «Жаратылыстану» пәні бойынша осы дағдыларды дамыту материалды терең түсінуге және білімді жаңа мәнмәтінде қолдануға ықпал етеді. Мысалы, «4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну» оқыту мақсатын іске асыру шеңберінде ақпаратты ыңғайлы нысанда: презентация, постер, видеосюжет және т.б. ұсыну арқылы креативтілікті дамыту ұсынылады.

«Химия» оқу пәні бойынша білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауы мен креативтілігін дамыту материалды терең түсінуге және білімді жаңа мәнмәтінде қолдануға ықпал етеді. Мысалы, қандай заттардың реакцияға қатысатынын, олардың бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын және қандай өнімдердің пайда болатынын сезіне отырып, химиялық міндеттерді және проблемаларды (мәнмәтіндік тапсырмаларды) шешу, білім алушыларға химияны түсінуді тереңдетуге көмектеседі (8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша заттың массасын, зат мөлшерін есептеу); климаттың өзгеруін тежеу үшін парниктік газдар шығарындыларын азайтудың тиімді стратегияларын ұсынуға және қолдануға көмектесетін, талдауды және қолдануды талап ететін жеке эксперименттерді әзірлеу (8.3.1.2 парниктік эффектiнiң себептерiн түсiндiру және шешу жолдарын ұсыну); өз пікірлерін білдіру, оларды дәлелдеу және басқалардың көзқарастарына қарсы тұру үшін қажет тапсырмаларды пайдалану, бұл химия мен күнделікті өмір арасындағы өзара байланысты жақсы түсінуге, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулық проблемаларына саналы көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді (мысалы, «9.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру»).

Білім алушылардың пәндік және түйінді құзыреттерін дамыту

Зертханалық және практикалық жұмыстың көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды (виртуалды жұмыс) пайдалану, білім алушылардың эксперименттік деректермен жұмыс істеу және қорытынды жасау қабілетіне назар аудару ұсынылады.

Зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүргізу, өңірлік және жергілікті аспектілерде қолданбалы маңызы бар жобаларды жазу, Қазақстанның жаратылыстану саласындағы ғылыми жетістіктерін зерделеу ұсынылады.

Жергілікті сипаттағы материалдарды, мысалы, техника, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және энергетика салаларындағы жетістіктерді пайдалана отырып, білім алушылардың оқу-жобалау қызметін ұйымдастыру ұсынылады.

Педагогтер бастауыш сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін ескерулері керек:

- пән мазмұнындағы базалық білім жүйесі білім алушылардың қоршаған орта туралы, атап айтқанда, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы бастапқы білімдерін қалыптастырады;
- пән білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: сұрақтар қою және осы сұрақтарға жауап табу, зерттеу жоспарын әзірлеу және болжау, сұрақтарға жауап іздеу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған деректерді жалпылау, өңдеу және түсіндіру;
- зерттеу жұмыстары мен эксперименттер жүргізу арқылы тапсырманы өз бетінше іздеу және қорытындыларды дұрыс тұжырымдау дағдыларын қалыптастырады, білім алушының ойлау қабілеті мен ғылыммен айналысуға деген ұмтылысын дамытады;

- білім алушылар сыни тұрғыдан ойлау тәсілдерін меңгереді, шынайы жағдайларда шешім шығаруды, сұрақтар қоюды, ғылыми-зерттеу жұмысының тәсілдерін түсінуді және бақылауды үйренеді.

1-сыныпта «Жаратылыстану» пәні бойынша «1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату» оқыту мақсаты білім алушылардың өсімдіктердің негізгі бөліктерін, олардың атқаратын қызметтері мен өзара байланыстарын түсінуін дамытуға бағытталған. Білім алушылардың өсімдіктердің бөліктерін анықтауына, олардың атқаратын қызметін түсіндіруге және егер бөліктердің бірі өз жұмысын орындамаса, нәтиже қандай болатынын болжауға баса назар аударылады. Өсімдіктердің жеуге жарамды бөліктерін білу де мақсат болып табылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының пәндері бойынша білім алушыларының пәндік және түйінді құзыреттері мынадай дағдыларды дамытуға бағытталған:

1. табиғи құбылыстарды бақылау және эксперимент жүргізу, сипаттау және жалпылау; олардың нәтижелерін талдау;
2. табиғи құбылыстардың өзара байланысын орнату;
3. қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіруде, денсаулықты сақтауда, тіршіліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, табиғат байлықтарын ұтымды пайдалануда, сондай-ақ сауатты тұтынушының рөлін орындау үшін жаратылыстану бағытындағы білімдерді қолдану;
4. деректерді жинау және талдау негізінде жаратылыстану білімінің маңыздылығын түсіндіру; жаратылыстану мәселелерін зерттеу кезінде гипотезалар, дәлелдер мен түсініктемелер ұсыну; эксперимент пен зерттеу жоспарын құру және жүзеге асыру.

Жаратылыстану бағыты пәндері бойынша пәндік және түйінді құзыреттіліктерді дамытуда түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану ұсынылады. Мысалы:

1. Мәтінмен жұмыс: ғылыми мәтіндерді оқу және талдау, түйіндемелер мен аннотациялар жасау білім алушыларға мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, ақпарат алуға және әртүрлі көзқарастарды салыстыруға көмектеседі.
 2. Топтық жұмыс: бірлескен жобалар мен зерттеулер, пікірталастар жүргізу және топтағы жұмыс нәтижелерін талдау білім алушыларға коммуникативті дағдыларды дамытуға, ұжымда жұмыс істей білуге және мәселелерді шешуге көмектеседі.
 3. Білімді тәжірибемен ұштастыру: зертханалық жұмыстарды орындау, эксперименттер жүргізу, көлемді жұмыстарды істеу және білім алушылардың материалдарды пайдалануы, бақылау, деректерді талдау дағдыларын дамыту және ғылыми білімді практикада қолдану.
 4. Заманауи технологияларды қолдану: деректерді талдау үшін компьютерлік бағдарламалармен жұмыс, деректерді өңдеу.
-

5. Өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту: өз жұмысын жоспарлау, басымдықтар мен мақсаттарды анықтау, жаңа тақырыптарды өз бетінше зерттеу, өзін-өзі ұйымдастыру және уақытты басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Биология және химия бойынша пәндік, түйінді құзыреттіліктерді дамыту бойынша оқыту мақсаттары мен тапсырмаларының мысалдары кестеде келтірілген.

Оқыту мақсаты	Сұрақтар мен тапсырмалар	Тапсырмалардың күтілетін нәтижелерге бағытталуы
«Қоректену» бөлімшесі. 8-сынып. 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау	Дәруменді қолдану мен дененің денсаулығы арасындағы байланысты анықтаңыз	Құзыреттіліктер: пәндік: денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану ережелерін сақтау қажеттілігін түсіндіре білу түйінді құзыреттер: оқу тапсырмасын орындау үшін ақпаратты түсіндіре білу
	Дәрумен тапшылығы дегеніміз не?	пәндік: дәрумендер және дәрумен жетіспеушілігі жайлы білімі болу түйінді құзыреттер: Өз ойын сауатты және жүйелі жеткізе білу
Химия		
Бөлімше: 8-сынып. Оқу мақсаты: «8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру»	энергияның өзгеруін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру	Пәндік: температура мен кинетикалық энергия арасындағы өзара байланысты талдай білу Түйінді құзыреттер: оқу тапсырмасын орындау үшін ақпаратты түсіндіре білу
	әртүрлі заттар үшін кинетикалық энергияның температураға тәуелділік графині жасау	Пәндік: зат күйінің өзгеру құбылыстарын түсіндіру үшін кинетикалық теория тұжырымдамасын қолдану; Түйінді құзыреттер: тұжырымдамаларды талқылау және салыстыру кезінде сыни тұрғыдан ойлау, эксперименттер жүргізу және алынған деректерді талдау қабілеті.

Білім алушылардың пәндік және түйінді құзыреттерін дамыту шеңберінде оқу материалын бекіту және тереңдету мақсатында жергілікті жағдайларды ескере отырып, өлкетану мұражайлары, экологиялық мектептер және басқа да білім беру ұйымдары базасында қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, жекелеген тақырыптар бойынша жаратылыстану, география сабақтарын өткізуді көздеу ұсынылады.

Білім алушылардың жобалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру өзектілігін ескере отырып, жоба тақырыбын таңдауды, нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтауды және қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін зерттеу кезеңдерін анықтауды қамтиды. Ол үшін:

- әдебиеттерге шолу жасау;

- алынған нәтижелерді өңдеу және түсіндіру;
- заңдылықтар мен тұжырымдарды анықтау;
- презентация немесе есеп әзірлеу жұмыстары ұйымдастырылады.

«Жаратылыстану» пәнін оқу шеңберінде бастауыш сыныптарда әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы базалық білім қалыптасады, сондай-ақ білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдылары дамиды. Оқу бағдарламасының мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған, мысалы, 2 – сыныпқа арналған «Мен зерттеушімін» бөлімі қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізуге және шартты белгілер арқылы нәтижелерді бекітуге байланысты оқыту мақсаттарын қамтиды. Сонымен қатар мақсат, гипотеза, ресурстар, жоспар, мерзімдер және нәтиже сияқты эксперименттің негізгі компоненттерін анықтауға да назар аударылады. Білім алушылар эксперименттер жүргізеді және олардың нәтижелерін кестеге түсіреді, ақпарат көздерінің түрлерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды және талдайды, сонымен қатар өз ойлары негізінде зерттеудің өзекті бағыттарын анықтайды.

Білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру қызықты білім беру тәжірибесі болып, олардың дербестік, сын тұрғыдан ойлау, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Жаратылыстану» пәні бойынша ұсынылатын тақырыптар

Жоба тақырыбы	Мазмұн
Жергілікті жерді зерттеу Менің ауданымның тарихы Адамдардың мамандықтары және т.б.	- Балалар өздерінің жергілікті қоғамдастығының тарихын, мәдениетін және географиясын, сондай-ақ оның қоршаған ортаға әсерін зерттей алады.
Бізді қоршаған ортадағы өсімдіктерді зерттеу Өсімдік – өмір нәрі, өмір сәні Гүлдердің құпиялары Ағаш және оның қасиеттері Итмұрын – дәрілік өсімдік т.б.	- Білім алушылар өз ауданында өсімдіктердің түрлі түрлерін, олардың ерекшеліктерін, есу жағдайларын және қоршаған ортаға әсерін зерделей алады. - Өсімдіктердің түрлерін, олардың құрылымын, қызметін және жердегі тіршілікке әсері туралы біле алады.

Экология бойынша ұсынылатын тақырыптар

Жобаның тақырыбы	Экологиялық мазмұн
Булану жылдамдығының буланатын сұйықтықтар түріне тәуелділігін зерттеу	Экологиялық процестердегі ішкі энергияның рөлі (мысалы, оған антропогендік әсер ету кезінде тіршілік ету ортасының ішкі энергиясының өзгеруі.
Электр энергиясының пайдаланушыларын анықтау	Электрлендіру мен электр өрісінің адам денсаулығына әсері

«Жарықтың ластануы» және оның салдары	Жердегі тіршіліктің тұрақтылығына қауіп ретінде күн сәулесінің «ластануы». Аэрозольдер мен басқа ластаушы заттардың болуына байланысты атмосфераның тазалығының өзгеруі. Атмосфераның озон қабатының қорғаныс функциялары.
Ауа ағындарының жылдамдығының жер бедерінің су алмасуына әсері	Жасанды спутниктер және жерге жақын кеңістіктің бітелу мәселесі. Жерге жақын кеңістіктің бітелуінің биосфераға әсері.
Шудың адам ағзасына әсері	Акустикалық ластану және онымен күресу әдістері (мысалы, резонанстық Шумен күресу)
Аэрозольдің ластану себептері және оның салдары	Жоғары температуралы технологияның жер климатына әсері. Жер атмосферасының ғарыш кеңістігіне таралу себептері
Дыбыс жұтатын материалдарды, дыбыстық сүзгілерді жасау.	Тіршілік ету ортасының электромагниттік ластануы және оның адам ағзасына әсері
Табиғаттың радиациялық ластануы және радиациялық қауіпсіздік шаралары.	Тіршілік ету ортасының радиоактивті ластануы

2.4 «АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Адам және қоғам» білім беру саласы аясында:

- бастауыш білім беру деңгейінде – «Дүниетану» (1-4-сынып);
- негізгі орта білім беру деңгейінде – «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» (5-9-сынып), «Құқық негіздері» (9-сынып);
- жалпы орта білім беру деңгейінде – қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» (10-11-сынып) оқу пәндері оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы мазмұны «Адам – Қоғам» жүйесі аясында пропедевтикалық білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Білім алушылардың өткен және қазіргі әлеуметтік құбылыстарды және олардың өзара байланысын зерделеу, өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, отбасындағы, жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын түсінуге бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны - білім алушылардың тарихи ойлау, бүгін және өткенді түсіну және пайымдау дағдыларын және олардың өзара байланысы, тарихи, құқықтық,

экономикалық, саяси, әлеуметтанулық ақпарат көздерінің материалдары бойынша негізделген қорытындылар жасау, зерделеу, талдау дағдыларын қалыптастыру және олардың негізінде тәуелсіз пайымдаулар жасау, өз шешімдерін қабылдау; патриотизмге тәрбиелеу, құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан тарихын зерделеуде:

- әлемдік тарихи үдерістер аясында түркі өркениеті құндылықтары негізінде білім алушылардың тарихи санасын және жасампаз дүниетанымын қалыптастыруға басымдық беру;
- Түрік қағандығы, Ұлық Ұлыс – Жошы Ұлысы мемлекеттерін қазақ мемлекеттігінің бастауы ретінде көрсетіп, қазақ халқының тарихын тұтастықта және бірізділікте оқыту ұсынылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы мен құқықтық сауаттылығының негізгі мәселелері бойынша білімдерін қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғамның құндылықтарын түсінуге бағытталған. Білім алушыларда тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестерін талдау, жіктеу, жүйелеу, жинақтау және бағалауға негізделген тарихи ойлау дағдыларын, құқықтық нормалар, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер негізінде құқықтық жағдаяттарды талдау, бағалау үшін қажетті құқықтық сауаттылығын дамытуды көздейді.

Аталған оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-3, 11-15,103 (1-4 сыныптар) қосымшаларында, 6-8, 16-20,104 (5-9 сыныптар) қосымшаларында, 21-30, 85-90,105,106- (10-11 сыныптар) қосымшаларында берілген.

«Дүниетану»(29-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар), «Қазақстан тарихы» (61-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 118-қосымшаға сәйкес 10-11-сыныптар), «Дүниежүзі тарихы» (62-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар; 119-қосымшаға сәйкес ЖМБ 10-11-сыныптары; 120-қосымшаға сәйкес ҚҒБ) және «Құқық негіздері» (63-қосымшаға сәйкес 9-сынып; 121-қосымшаға сәйкес ЖМБ 10-11-сыныптары; 122-қосымшаға сәйкес ҚҒБ) оқу пәндерін оқыту «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда (оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылығы) білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру

Бастауыш білім беру деңгейінде «Дүниетану» пәнін оқу барысында білім алушылардың бойында қоғамның, табиғи құбылыстар мен объектілердің өза-

ра байланысы мен өзара тәуелділігі; табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормалары мен қауіпсіздік ережелері туралы түсініктер қалыптасады.

Білім алушылардың оқу сауаттылығын (құзыреттілігін) қалыптастыруда «Ақпаратты табу және алу», «Мәтіннің мазмұны мен формасын түсіну және бағалау», «Ақпаратты біріктіру және түсіндіру» оқу әрекеттерін жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыру қажет.

Мысалы, оқу сауаттылығын қалыптастыруда қолданылатын оқыту мақсаттары жүйесінің өсу реттілігі ұсынылады:

1.3 Менің атамекенім	1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау	2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету	3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру	4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
----------------------	--	---	---	--

Білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда креативті идеяларын ұсынуды ұйымдастырып отыру ұсынылады.

«Дүниетану» пәнінің міндеті - білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту. Бұл міндетті іске асыру сыныптан сыныпқа келесі мақсаттар арқылы қамтамасыз етіледі:

2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау

3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну

4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру

«Дүниетану» оқу пәнінің негізгі мазмұнында білім алушылардың өмір қауіпсіздігі ережелері қарапайымнан күрделіге принципі бойынша берілген.

Оқыту мақсаттары	Сұрақтар мен тапсырмалар
«1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру»	Бір күннің шамамен жоспарын жасайды Күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын түсіндіреді
2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату;	Құқықты, міндетті және жауапкершілікті өз өмірінен мысалдар келтіріп ажыратады

«3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу»;	Өз шығындарын жоспарлайды және негіздейді және оларды оңтайландыру жолдарын ұсынады
«4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау»;	Отбасылық бюджеттің кірісі мен шығысын талдайды және оларды оңтайландыру жолдарын ұсынады

Білім алушылар жолда жүру ережелерімен және сейсмикалық қауіп-қатер жағдайындағы қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздерімен танысады. Олар жасырыну үшін қауіпсіз орындарды таңдауды, өзін және басқаларды қорғау шараларын, алғашқы медициналық көмек көрсетуді және жедел жәрдем шақыруды үйренеді.

1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру; 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру 3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау 4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну
-------------------------------	--

«Дүниетану» оқу пәнінде қаржылық сауаттылықтың әртүрлі аспектілері оқу мақсаттарының мазмұны арқылы берілген, мысалы:

Оқыту мақсаттары	Тапсырма түрлері	Дағдылар
Қаржылық сауаттылықты дамыту		
1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру;	ақпарат, әртүрлі мәтіндермен жұмыс істей білуге арналған тапсырмалар,	тауар-ақша қатынастарының қарапайым формалары;
2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау;	мәтін мен қорытындылардың негізгі идеясын анықтау,	тұтыну заттарына деген қажеттіліктерінің құрылымы;
3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну;	мәтіннің нақты ақпараты мен тетіктерін анықтау,	жеке шығындарын жоспарлау;
4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау;	оқу стратегияларын қолдану, мәтінді сыни тұрғыдан бағалау (талдау)	өз шығындарыңызды оңтайландыру жолдары; отбасы бюджетінің кірісі мен шығысы; отбасылық бюджетті оңтайландыру жолдары;

Білім алушы отбасы бюджетінің маңыздылығын түсінеді; отбасылық бюджетті, оның кірісі мен шығысын жоспарлайды; цифрлық сауаттылықты дамыту мақсатында зерттелетін тақырыпқа байланысты ақпаратты қолданады.

Білім алушылардың тарих сабақтарында оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту мақсатында төмендегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылады:

- оқу және деректі, публицистикалық, көркем мәтіндерді (немесе олардың үзінділерін) тарихи дереккөз ретінде талдау, бұл дереккөзден сұрақтарға жауап іздеу, ақпаратты таңдау және талдау дағдыларын дамытады;
- тарихи оқиғалардың түрлі нұсқаларын ұсынатын тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты салыстыру, бұл білім алушылардың сыни ойлау және әртүрлі көзқарастарды салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі;
- «Қазақстан тарихы» сабақтарында «6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау»; «7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау»; «9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау» оқыту мақсаттарын іске асыруда білім алушылар қабылданған ғылыми терминологияны қолдана отырып тарихи дереккөздерді сипаттай білу дағдысын қалыптастыру ұсынылады.
- «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша «8.2.2.1 XIX - XX ғасырдың басындағы өнердегі негізгі ағымдарды сипаттау (модернизм, символизм, реализм, авангардизм)»; «8.4.1.2 индустриялық қоғамның даму процесін түсіндіру үшін «модернизация» ұғымын пайдалану»; «7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау» оқыту мақсаттарын жүзеге асыруда білім алушыларға оқиғалар мен құбылыстар арасындағы байланысты жақсы түсінуге көмектесетін тарихи мәнмәтіндер негізінде тарихи түсініктер қатарын құру ұсынылады.

Тарих сабақтарында аталған жұмыс түрлерін пайдалану білім алушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне және олардың тарихи дереккөздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқыту мынадай тарихи концептілер түсініктер негізінде құрылуы тиіс:

1. өзгеріс пен сабақтастық (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгерді);
2. себеп пен салдар (мысалы, осы тарихи кезеңдегі саяси процестерге қандай негізгі факторлар әсер етті);

3. дәлел (мысалы, белгілі бір тарихи кезеңдегі өнер бізге құндылықтар, нанымдар мен технологиялар туралы не баяндай алады);
4. ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, оқытылатын кезеңдегі мемлекеттердің саяси құрылысының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай);
5. маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы неде);
6. интерпретация (мысалы, әр түрлі зерттеушілер осы немесе басқа тарихи оқиғаны қалай сипаттайды).

Тарихи концептілерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу рәсімін, дағдылар мен біліктермен байланысты комбинацияларды (материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру) игереді.

Тарихты зерделеу кезінде тарихи фактілер мен оқиғаларда кеңістіктік бағдарлау, тарихи картаны «оқу» және оны дереккөзі ретінде пайдалану дағдыларын дамыту ұсынылады. Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

Мысалы, 6-сыныпта «6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің даму ерекшеліктерін түсіндіру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» мақсатында мұғалім білім алушыларға уақыт пен кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін тарихи картаны пайдалану бойынша тапсырма бере алады. Сондықтан білім алушыларға кеңістікті бағдарлауға мүмкіндік беретін картография дағдыларын дамыту ұсынылады.

7-9-сыныптарда картамен жұмысты нәтижелі деңгейде күшейту ұсынылады. Ол үшін тарихи дереккөздерді пайдалана отырып, тарихи картаның мазмұнын талдауға бағытталған тапсырмаларды қолдану қажет. Оқу карталарын оқытудың барлық кезеңдерінде: жаңа оқу материалын зерделеу, зерттелген материалды бекіту және жалпылау, білім мен дағдыларды тексеру кезінде қолдану ұсынылады.

Тарих сабақтарында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау бойынша тапсырмалар білім алушылардың белгілі бір оқиғалардың себептері мен салдарын анықтап қана қоймай, оларды берілген белгілер бойынша (мазмұны, уақыты мен рөлі бойынша) жіктей алатындай түрде әзірленуі керек. Бұл білім алушылардың әртүрлі себептер арасындағы байланыстарды тауып, оларды маңыздылық дәрежесі бойынша саралай алуына (маңыздылығы) мүмкіндік береді. Тапсырмаларды құрастыру кезінде тарихи дереккөздерді түсіндіру дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару керек. Білім алушылардың тарихи дереккөздермен жұмысы олардың жасы және танымдық мүмкіндіктері, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып, біртіндеп күрделене түсуі керек. Оқу процесінде тарихи дерек-

тер, аудио және бейне материалдар, иллюстрациялар сияқты әртүрлі дереккөздерді пайдалану ұсынылады.

Педагогтерге тарих сабақтарында интелект карталарын қолдану ұсынылады. Мысалы, білім алушылар оқиғалар хронологиясы, себеп-салдарлық байланыстар, сондай-ақ маңызды фактілер мен идеяларды көрсететін карталар жасай алады. Бұл әдіс материалды жақсы есте сақтау, сыни ойлауды дамыту және тарихи процестерді талдай білуге ықпал етеді.

9-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» пәніндегі «Екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге» бөлімі бойынша «9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау»; «9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарын тұжырымдау», «9.3.2.4 қырғи қабақ соғыстан кейінгі әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық процестерді айқындау» оқыту мақсаттарын жүзеге асыру барысында интелект карталарын пайдалану білім алушыларға қырғи қабақ соғыстан кейінгі жаһандық өзгерістер туралы ақпаратты жүйелеуге көмектеседі.

Содан кейін олар жасанды интелект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы геосаяси шындықты анықтайтын негізгі оқиғаларды, елдерді және тенденцияларды көрсететін интелект карталар жасайды.

«Құқық негіздері» пәні бойынша сабақты жоспарлау кезінде адам құқықтары туралы практикалық дағдылар мен терең білімді қалыптастыруда келесі ерекшеліктерге назар аудару керек:

Мысалы, 9-сыныпта «Конституциялық құқық» бөлімінде «9.2.1.2 Қазақстан Республикасының Конституциясын талдау арқылы адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау» оқыту мақсатын жүзеге асыруда топтық жұмыс арқылы Конституцияға түсініктемені пайдалана отырып, негізгі құқықтарға түсініктеме беру және Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөліміне салыстырмалы талдау жүргізу ұсынылады. ҚР Конституциясында көрсетілген құқықтарды БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген негізгі құқықтармен салыстырып, олардың күнделікті өмірдегі маңыздылығын талқылау ұсынылады. Қазақстандық және әлемдік мәнмәтіндегі адам құқықтарының әрқайсысының мәні мен маңыздылығы туралы сұрақтар қоя отырып, білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауға ынталандыру қажет. Бұл оларға күнделікті өмірдегі адам құқықтарының маңыздылығын жақсы түсінуге көмектеседі.

Сондай-ақ адам құқықтарына оң көзқарасты қалыптастыру мақсатында білім алушылармен адам құқықтары жөніндегі өмірлік мысалдар арқылы оларды қазіргі қоғамда жүзеге асырудағы жетістіктер мен проблемаларын талқылауға болады. Әр адамның адам құқықтарын қорғауға қосқан үлесіне назар аудару ұсынылады.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда практикаға-бағдарланған тәсілді іске асыру қажет. Бұл білім алушының алған білімді күнделікті іс-әрекетте тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақтарда жағдаяттар талқылау, іскерлік ойын, пікірталас, оқу-танымдық міндеттерді шешуге арналған оқыту әдістерін қолдану ұсынылады. «Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?» тақырыбы бойынша «9.4.2.1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау», «9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау» оқыту мақсаттарын жүзеге асыруда нормативті-құқықтық актілермен жұмыс істеу, нақты заңдық нормаларға сілтеме жасау және білім алушылардың өмірлік жағдаяттарды шешуде құқық нормаларын қолдану дағдыларын дамыту ұсынылады. Білім алушылардың тиісті сөйлеу мәнерін қалыптастыру және заң терминологиясын дұрыс қолдануына бағыт беру керек. Жауаптарын құқықтық тұрғыдан дәлелді түрде ұсыну дағдыларын қалыптастыруға назар аудару ұсынылады. Тапсырмалардың басым бөлігі тәжірибеге негізделген болуы, заңдық құжаттардың қарапайым формаларын (еңбек шарты және т.б.) әзірлеуге көңіл бөлу ұсынылады.

Оқу процесінде практикалық зерттеулер, шығармашылық жұмыстар, нормативтік құқықтық актілермен жұмыс, жағдаяттық тапсырмаларды талдау және пікір алмасуға ерекше назар аудару ұсынылады. «Құқық негіздері» пәні бойынша жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың мета-пәндік құзыреттіліктерінің дамуын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мәселен «9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау» оқыту мақсатын жүзеге асыру барысында білім алушылар қолданыстағы заңнамалық нормаларға сүйене отырып, құқықтық жағдайларды талдау, өз көзқарастарын дәлелдеуге үйренеді. Бұл дағдылар білім алушылардың күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды шешуде маңызды болады.

Білім алушылардың жобалау және зерттеу әрекетін ұйымдастыру

Бастауыш сыныптағы білім алушылардың мета-пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда зерттеу әдісі тиімді болып табылады. Проблемалық іздеу, зерттеу әдістерінің элементтерін қолдану оқу процесін нәтижелі етеді. Білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту белгілі бір мақсаттарға қол жеткізеді. Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, жоғары нәтижеге жетуге жетуге ынталандырады.

Бастауыш білім берудегі 1-4 - сынып білім алушыларының қарапайым зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін зерттеу жұмысын жүргізуге «4.3.5.1 зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну» оқыту мақсаттарын пайдалану ұсынылады. Аталған оқыту мақсаты білім алушылардың елдің тарихи, мәдени және географиялық ерекшеліктерін талдау қабілетін дамытады, Қазақстанның мемлекет ретіндегі ұлттық бірегейлігі мен маңыздылығы туралы қарпайым түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «4.3.1.3 мұражайдың өзіндік жобасын ұсыну» оқыту мақсаты білім алушылардың жобаны жоспарлау және ұйымдастыру, мұражай экспозициясын әзірлеу кезінде шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал

етеді.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың нақты оқу материалы аясында тарихи ойлау дағдыларын дамыту мақсатында оқытуды белгілі бір тарихи концептілерге негіздеу ұсынылады. Бұл тәсіл зерттеуге негізделген оқытуды қамтиды. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әрбір тақырыптан кейін зерттеу сұрақтары қамтылған, ал «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар зерттеу сұрақтары түрінде берілген. Бұл педагогтен сабақтың басында-ақ білім алушылардың ойлау әрекетін дамытуды, олардың сыни ойлау, проблемалық мәселелерді қою дағдыларын және өз бетінше талдауына мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу сұрақтары бойынша жұмысты ұйымдастыру ұсынылады.

Білім алушылар тарихи дереккөздерді талдау және түсіндіру әдістерін пайдалана отырып, тарихтың әртүрлі аспектілері бойынша зерттеулер жүргізе алады. Бұл оларға әртүрлі салалардағы зерттеу жұмыстарында пайдалы болуы мүмкін ақпаратты жинау, талдау және бағалау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, «Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?» зерттеу сұрағы арқылы «5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау» оқыту мақсатын жүзеге асыру барысында қазақ жеріндегі халықтың нақты тұрмыс жағдайларын, өмір салтын талдау маңызды болып табылады. «8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау», «11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу», «11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора», «ирридента» ұғымдарын пайдалану» оқыту мақсаттарын жүзеге асыру барысында «Бір суреттің тарихы», «Қазақстандық қоғам қалай полиэтникалық сипатқа ие болды?» шағын жобасын жасау ұсынылады. Мұндай жұмыс заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жаңа мәліметтерді өз бетінше табу, талдау, іріктеу, қайта құру, сақтау, түсіндіру және оның ішінде пайдалануға, өңдеуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» (ҚГБ, ЖМБ), «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» (ҚГБ) пәндері бойынша жалпы орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әрбір оқу тоқсан соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылады. Білім алушыларға белгіленген зерттеу тақырыбы аясында белгілі бір аспектіні таңдау құқығы берілуі керек. Әрбір тоқсанда ұсынылған зерттеу жұмыстары жобалық-зерттеу сипатындағы жұмыстар ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмысының мақсаты өткен бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды қорытындылау, талдау және жүйелеу. Бұл зерттеу дағдылары, шығармашылық және сыни ойлау дағдылары, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

«Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын орындау білім алушыларда құқықтық жағдайларды талдау, нормативтік құқықтық құжаттар негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жобалық зерттеу жұмысты орындау барысында білім алушылар зерттеу сұрақтарын құрастыру, құқықтық деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өз болжамдарын ұсыну, нәтижелер мен қорытындылар шығару, өз ұстанымдарын белгілеу, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде анық және сауатты жеткізе білу сияқты зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады және дамытады.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс

«Адам және қоғам» білім беру саласының пәндері бойынша үлгерімі төмен білім алушыларға күрделі оқыту мақсаттарын меңгертуде мыналарды ескеру ұсынылады:

- қысқа мерзімді жоспарды жоспарлау кезінде үлгерімі төмен білім алушылардың қажеттіліктерін ескеру, қарапайым және түсінікті тілде, көрнекі материалдар және оқытудың интерактивті әдістерін қолдануды қоса алғанда, оқу материалын бейімдеу;
- қосымша қолдауды қажет ететін білім алушылармен шағын топтарда жеке жұмысты ұйымдастыру;
- сабақтардың әртүрлілігі мен қызықты өтуін қамтамасыз ету және материалды тиімді меңгеру үшін көрнекі материалдарды, аудио жазбаларды, бейнелерді және басқа да цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;
- білім алушылардың жетістігіне баса назар аудару арқылы одан әрі жетілдіруді талап ететін бағыттарды көрсете отырып, тұрақты кері байланыс беруді қамтамасыз ету;
- қолайлы оқу ортасын құру арқылы білім алушыларға қолдау көрсету;
- білім алушылардың ынтасы мен қызығушылығына ерекше назар аудара отырып, оқу процесінде көтермелеу, үлгерімі төмен білім алушылардың жетістіктерін назардан тыс қалдырмау.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Дүниетану» пәні бойынша үлгерімі төмен білім алушылар үшін күрделі оқыту мақсаттарын игеруге әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері кестеде берілген.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс түрлері	Ұсынымдар
<ul style="list-style-type: none"> • Жеке жұмысқа арналған карточкалар • Жауап таңдау тапсырмалары • Деформацияланған тапсырмалар • Перфокарталар • Тренажер карталары • Шығармашылық тапсырмалар • «Информатор-карталар» • «Үлгілі шешімдермен карточкалар» • «Конспект карталары» 	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушының психикалық дамуын білу олардың әрқайсысын түсінуге және қабылдауға тырысу. • Сабақта тыныш орта мен қолайлы психологиялық климат құру. • Ақылға қонымды талапшылдық, сарқылмас шыдамдылық, әділ қатаңдық, білім алушының мүмкіндіктеріне сену. • Білім алушының позициясына тұра білу. • Еркін диалог жүргізе білу. • Қосымша тапсырмалармен қызықтыруға ұмтылу. • Вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану (тірек сигналдар, суреттер, кестелер, диаграммалар, жоспар). • Сөздіктер және басқа анықтамалық материалдармен жұмыс істеуге үйрету. • Оқытуда озық оқытуды, топтық жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану. Өзара сұрақ, өзін-өзі бақылау -әртүрлі тақырыптар бойынша оқу материалын, оларды оқытудың әртүрлі кезеңдерінде қолдану • Оқыту мақсаттарын құрылымдау кезінде күрделі оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға басымдық (әрекеттің пәндік тәсілдерін дамыту, психикалық процестерді дамыту бойынша жұмыс) • Оқу материалын ұтымды бөлу • Сабақта әрекет түрлерінің жиі өзгеруін қолдану • Сабақтың материалын бірнеше рет айту және бекіту • Іс-әрекетті алгоритмдеуге ұмтылу

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеуде оқулық мәтінімен, картамен, тарихи дереккөздермен, кестелермен, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды саралау және бейімделген материалдарды пайдалануға назар аудару керек. Сонымен қатар, білім алушылардың пәнге деген ынтасын арттыру және материалды тиімді меңгеру үшін үнемі кері байланыс беру маңызды болып табылады.

Тарих пәндері бойынша үлгерімі төмен білім алушылардың қызығушылығын арттыру және теориялық білімді бекіту үшін қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып мұражайлар мен тарихи орындарда тарихи және өлкетанулық тақырыптық сабақтар өткізу ұсынылады. ЫІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Мұражай мен тарихи орындарда тарих сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірледі. Материалдар Академия сайтында қолжетімді <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=12>

«Құқық негіздері» сабақтарында «9.4.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру», «9.3.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын анықтау» оқыту мақсатын меңгеруде білім алушылардың белсенді қаты-

суын ынталандыру үшін жағдаяттарды талқылау, рөлдік ойындар сияқты оқытудың интерактивті әдістерін қосу ұсынылады. Сонымен қатар қатысушылардың оларға берілген құқықтық қатынастардағы рөлдерін анықтау үшін кейстер мен жағдаяттық тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Білім алушыларға құқықтық саладағы жағдаяттарды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру қажет. Бұл білім алушыларға материалды жақсы меңгеру және оны іс жүзінде қолдануына көмектеседі.



Назар аударыңыз!

Үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілетін жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдармен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтынан танысуға болады <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>

2.5 «ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес «Технология және өнер» білім беру саласы аясында:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» (1-3 сыныптар), «Көркем еңбек» (4-сынып), «Музыка» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Музыка» (5-6-сыныптар), «Көркем еңбек» (5-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде «Графика және жобалау» (10-11 сыныптар) оқу пәндері оқытылады.

«Технология және өнер» білім беру саласындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлерінің мазмұны: Қазақстанның және әлем халықтарының көркем және мәдени мұрасын зерделеу; өнер мен дизайнның көркемдік әдістері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамыту; қоршаған дүниенің бейнесін тұтас қабылдауды, өскелең ұрпақтың жалпы мәдениетін дамытуға, білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық саласын дамытуға бағытталған эстетикалық, еңбек тәрбиесі.

Аталған оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-3, 11-15, 103-

(1-4 сыныптар), 6-8, 16-20,104- (5-9 сыныптар), 22, 24, 26, 27, 28,105 (10-11 сыныптар) қосымшаларында берілген.

«Бейнелеу өнері»(30-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар), «Еңбекке баулу» (31-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар), «Көркем еңбек» (32-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар, 66-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар), «Музыка»(33-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар, 65-қосымшаға сәйкес 5-6-сыныптар) және «Графика және жобалау» (129-қосымшаға сәйкес 10-11-сыныптар) оқу пәндерін оқыту «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарда (оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылығы) білім білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру.

Көркем еңбек – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін мектеп бағдарламасындағы маңызды пәндердің бірі.

Білім беру саласында оқу мақсаттарын дәл анықтау және оларға қол жеткізу үшін қажетті ресурстар мен әдістерді тиімді ұйымдастыру маңызды, себебі білім беру саласында білім алушылардың өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарда өз білімдері мен біліктерін, дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту негізгі мақсат болып табылады.

Осылайша, «3.2.1.1 қоршаған ортаның визуалды элементтерін әртүрлі тәсілдер мен құралдарды үйлестіре отырып бейнелеу; 3.2.2.1 аса күрделі әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу» оқу мақсаттарына жету жолында білім алушылар күнделікті өмірде әртүрлі заттар мен нысандарды жасап, визуалды бейнелеу дағдыларын дамытуы тиіс және үй-жайлар, демалыс орындарына арналған интерьер сызбаларын немесе үлгілерін ұсынады, мерекелер үшін сыйлық ашық хаттар немесе декорациялар жасайды.

Өзінің және басқа жандардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті дамыту көркем еңбек сабақтарында оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты білім алушылар үшін қауіпсіз әрекет ережелерін, еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік ережелерін сақтау, құралдарды мақсатына қарай ғана пайдалану, оларды арнайы орындарда сақтау, сондай-ақ жұмыс орындарында тазалық пен тәртіпті сақтау маңызды.

Осы саладағы пәндердің мазмұны күнделікті өмірде қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етуі керек. «5.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану» оқу мақсатын жүзеге асыру шеңберінде күн-

делікті тұрмысқа қажетті материалдардан әртүрлі бұйымдарды тоқу дағдылары, мысалы, ас үй құралдарына арналған стендтерді, жүннен жасалған жіптерден сәндік панельдерді және т.б. тоқыма бұйымдарын (шарф, стенд, ұялы телефонға арналған қапшық) тоқу сияқты, әртүрлі материалдардан күнделікті өмірге дағдыларды қалыптастыру және білім алушыларға матаның бір немесе бірнеше түстерін қолдана отырып, бұйымдарды тоқудың әдістерін үйрету ұсынылады.

Өнімді модельдеу күнделікті өмірге қажетті дағдылардың бірі ретінде осы білім беру саласының сабақтарында да дамиды. «7.1.5.2 түрлі графикалық құралдардың көмегімен бұйым дайындау үшін эскиздер орындау және графикалық пен технологиялық құжаттар әзірлеу» оқу мақсатын жүзеге асыру шеңберінде сабақта білім алушыларға бұйымдарға арналған материалды (мата, моншақтар және т.б.) ескере отырып, қол техникасын және/немесе компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, бұйымдардың графикалық эскиздерін әзірлеу дағдыларын дамыту ұсынылады.

Осы саладағы пәндерді оқи отырып, білім алушылар технология және өнер тілі контекстке байланысты өзгеретінін түсініп, осы тілдерді икемді түрде қолдану қабілетін арттыруы керек. Технология сөздігі көбінесе техникалық сипатта болады және ұғымдарға, процестерге және өндіріске арналған арнайы терминдерді қамтиды. Білім алушылар технологиялық ақпараттың көпшілігі суреттер, диаграммалар, блок-схемалар, модельдер, кестелер және графиктер түрінде берілгенін түсінуді үйренуі керек. Осыған байланысты оқыту мақсаттарын дұрыс пайдалану және пәнді және функционалдық саланы түсіну үшін оларды бөлу немесе біріктіру маңызды, өйткені білім алушылар технологиялық процестерде, әсіресе идеяларын тұжырымдауда және бағалауда, талқылау дағдыларын меңгеруі керек.

Музыка сабақтарында білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізу ұсынылады, өйткені музыкалық терминдерді, белгілер мен ұғымдарды оқу әр түрлі жанрдағы музыкалық шығармаларды түсінуге және орындауға әсер етеді.

Музыка дамуға және математикалық сауаттылыққа ықпал етеді, олар бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені музыка кеңістіктік ойлауға ықпал етеді және музыкалық шығармалар симметрияға, ырғаққа және басқа математикалық заңдылықтарға негізделген. Мысалы, музыкалық нотаны үйрену білім алушыларға қатаң сақталуы тиіс математикалық заңдылығы бар. Музыка уақыт ұзақтығын (мысалы, сегізінші нота, ширек нота, жарты нота) түсінуге үйретеді: $4/4$ немесе $3/4$ сияқты музыкалық метрлер немесе «аккорд» термині бірнеше дыбыстардан тұратын фраза. Музыка уақытқа негізделген, ноталардың ұзақтығы әртүрлі, ал ритм музыканың қарқынын белгілейді. Музыкадағы уақыт қатынастарды түсіну білім алушыларға уақыт сезімі мен санау дағдыларын, сондай-ақ қайталануы, контрасты және дамуы бар логикалық құрылымдарды дамытуға көмектеседі. Бұл қасиеттер білім алушыларға фуга, соната сияқты күрделі шығармаларды түсінуге, сондай-ақ логикалық ойлау мен жағдаяттарды шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру үшін PISA, PIRLS және т. б. халықаралық салыстырмалы зерттеулердің материалдарымен, тест жинақтарымен және нәтижелерімен «Талдау» АҚ сайтынан танысуға болады <https://taldau.edu.kz/storage/app/media/PISA/%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%20PISA-2022.pdf>

Білім алушылардың сыни ойлауы мен креативтілігін дамыту.

Технология және өнер саласы пәндері білім алушының сыни тұрғыдан шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастырады, негізгі іс-әрекеті жобалау мен модельдеуге бағытталады. Мысалы: 4 – сыныпта «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің «Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу)» бөлімшесіндегі «4.2.6.1 дизайнның және жұмысты орындау техникасының көркемдік мәнерлілігінде қолданылатын құралдарын білу және түсіндіру» оқу мақсаты арқылы «Интерьер», «Сәндік интерьер» ұғымдарымен таныса отырып, түрлі безендірулерді жасауды үйренеді. Мысалы, жаңа жылға немесе басқа да мектеп іс-шарасына сынып кабинетін безендіру үшін білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, материалдарды сәндік дизайнмен шығармашылық түрде қолдану ұсынылады.

Осы білім беру саласының пәндері қиялды, идеяларды қалыптастырады және бағалау арқылы сыни және шығармашылық ойлау қабілетін дамытады, өйткені бұл білім алушылардың қарапайым шешімдері жоқ күрделі мәселелермен жұмыс жасағанда абстракция қабілетін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «5.1.6.2 қасиеттері мен мақсаттарын анықтау арқылы бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану» оқу мақсаттары үшін білім алушылар бейне, веб-сайттар және онлайн ресурстар сияқты әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана алады.

Пәндік және түйінді құзыреттерді дамыту бойынша ұсыныстар

Құзыреттерді дамыту қазіргі білім берудің маңызды аспектісі болып табылады, ол білім алушылардың тез өзгеріп жатқан әлемде өмірге бейімделуіне көмектеседі. Пәндік құзыреттер - бұл білім алушылардың белгілі бір пәнді оқып-үйрену шеңберінде алатын білім, білік және дағдылары. Негізгі құзыреттер - түрлі өмірлік жағдайларда қолдануға болатын әмбебап дағдылар.

Пәндік құзыреттерді дамыту, білім алушыларға пәннің теориясы мен принциптерін тереңдетіп үйрету арқылы, болашақта олардың кәсіби және өмірлік жағдайларын реттеуге мүмкіндік береді. Негізгі құзыреттерді дамыту өз бетінше оқуға, командада жұмыс істеуге, өмірде табысты болу үшін заманауи технологияларды қолдануға және жылдам өзгеретін заман жағдаяттарына тез бейімделуге, дұрыс шешім қабылдауға және мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. «6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану» оқыту мақсатын жүзеге асыруда білім алушы-

ларға қазақтың ұлттық мәдениет нақыштары негізінде шығармашылық жұмыстарды жасау жолдарын үйрету ұсынылады, бұл білім алушылардың сол арқылы ақпарат пен ресурстарды іздеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық жұмыста өнімді шешудің бірнеше нұсқаларын іздеуге, сыныптастарымен қарым-қатынас жасауға, міндеттерді бөлуге, басқа сыныптастарының пікірін құрметтеу және жалпы нәтижеге қол жеткізуге және т. б. мүмкіндік береді.

Білім алушылардың жобалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы білім беруде зерттеу және жобалау қызметі маңызды рөл атқарады. Осы білім беру саласының өзіндік өзгешеліктері мен ерекшеліктері, сондай-ақ практикаға бағдарланған сипаты бар. Мысалы, «Ғарыш» бөлімшесінде «4.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну; (соның ішінде АКТ қолдану)» оқу мақсатын жүзеге асыру кезінде білім алушылар зерттеу жұмыстарын жүргізеді, әртүрлі ақпаратты пайдалана отырып, күн жүйесінің немесе планетарийдің моделін жасау бойынша жоба жасайды, содан кейін өз жұмысының нәтижелерін талқылайды және бағалайды, сондай-ақ өз идеясын жақсартуды ұсынады.

Зерттеу дағдыларын дамыту үшін бастауыш сынып білім алушыларына ақпаратпен жұмыс істеу, деректерді талдау, қорытынды жасау маңызды; бұл білім алушылардың әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеуге, өз идеяларын практикада іске асыруға; мақсаттар қоюға, өз жұмысын жоспарлауға және оны соңына дейін жеткізуге; өз жобаларын ұсыну, өз көзқарасын қорғау және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Зерттеу дағдыларын дамыту үшін «8.3.1.1 онлайн платформаларда (онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) кеңірек аудиторияға дайын жұмыстың тұсаукесерін ұйымдастыру» оқу мақсатын жүзеге асыруда білім алушылар дайын шығармашылық жұмысқа сүйене отырып, өз жұмыстарын талдай алады, сол арқылы қажетті мета-пәндік құзыреттіліктерді қалыптастырады. Мұндай дағдылар білім алушыларға күнделікті өмірде кездесетін аудиториямен жұмыс істеу үшін маңызды.

2.6 «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес, «Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене бітімі қасиеттерін дамытуға және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін

жоғарылатуға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, қозғалыс тәжірибесін жалпылай дамыту мен түзетуге бағытталған физикалық жаттығулар арқылы байытуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға бағытталады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқуға арналған оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-3, 11-15,103-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6-8, 16-20,104- қосымшаларында (5-9 сыныптар), 21-30, 85-90,105,106- қосымшаларында (10-11 сыныптар) көрсетілген.

Білім беру ұйымы оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ таңдаған жағдайда «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша міндетті вариативті компоненттен 1 сағат қосылады. Бұл сабақты барлық білім алушылар үшін спорттық ойындар формасында өткізу ұсынылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәнін оқыту (34-қосымшаға сәйкес 1-4-сыныптар, 67-қосымшаға сәйкес 5-9-сыныптар, 126-қосымшаға сәйкес 10-11-сыныптар) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу кестесін жасау кезінде бір спорт залында бірнеше сыныптарда сабақты қатар жүргізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дене шынықтыру сабағы білім алушылардың іс-әрекетін қатаң реттеумен және жүктемені мөлшерлеумен сипатталады. Бұл сабақтың сауықтыру бағытына ішінара қол жеткізеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жүктемелердің дифференциациясын сақтау қажет. Мұғалім жұмысқа кіріскенде білім алушылардың денсаулық жағдайын, жынысын, дене дамуын, дене дайындығын, психикалық қасиеттерінің даму ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Оқу жылының басында дене шынықтыру дайындығының деңгейін (тесттердің көмегімен) және білім алушылардың денсаулық жағдайын (медициналық тексерулердің деректері бойынша) анықтау қажет. Білім алушылардың белгілі бір қозғалыс әрекетін меңгерудегі дайындық дәрежесі туралы ақпаратты берілген қарқынмен, ырғақпен және берілген амплитудамен тапсырманы немесе жаттығуды орындау қабілетін байқау арқылы алуға болады. Мұғалім тест тапсырмаларын өз бетінше әзірлеуге құқылы.

Білім алушылардың дене дайындығы көрсеткіштері оқу бағдарламасына сәйкес 10-11 сыныптарда ғана толтырылады.

Бағдарламалық талаптарды негізге ала отырып және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен физиологиялық даму ерекшеліктеріне бағдарлана отырып, мұғалім талаптардың жеке шкалаларын (оқу нормативтерін) дербес әзірлеуге және соған сәйкес оқытудың бүкіл кезеңінде білім алушылардың үлгерімін олардың дамуының жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, объективті бағалауды жүзеге асыруға құқылы.

Білім алушылар денсаулық жағдайы бойынша медициналық топтарға (негізгі, дайындық, арнайы) бөлінеді. Негізгі медициналық топтың білім алушыларына шектеусіз оқу бағдарламаларының барлық талаптары қойылады. Денсаулық жағдайы бойынша дайындық медициналық тобына жатқызылған білім алушылар медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, оқу бағдарламаларының талаптарын орындайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар (тірек-қимыл аппаратының бұзылуынан басқа) денсаулықтың негізгі тобына жатқызылған білім алушылармен бірдей жаттығуларды орындайды, бірақ жеңілдетілген түрде білім алушылардың осы тобымен жұмыс істеуде бейімделген дене тәрбиесі (БДТ) тәсілдері мен қағидаттары қолданылады.

Арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушыларға негізгі топпен бірге, бірақ жеке (сараланған) тәсілдеме негізінде айналысу ұсынылады.

1. Дене шынықтыру сабақтарына спорттық киімі бар, ауа-райына, спорттық сабақтың түріне немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес барлық білім алушылар қатысады. Әрбір оқу жылының басына дәрігерлік-бақылау комиссиясының анықтамасын ұсынған білім алушылар дене жүктемесінен босатылады.

2. Дене жүктемесінен босатылған барлық білім алушылар спорт залының үй-жайында немесе спорт алаңында дене шынықтыру мұғалімінің қарауында болады.

3. Дене жүктемесінен уақытша босатылған білім алушылар «Дене шынықтыру» пәнінен босатылмайды. Сабақта олар теориялық сұрақтарды зерттейді, өздерін төрешілікте көрсетеді, білім алушылардың қозғалыс техникасын бағалайды және т.б., тиісті бағалар мен үй тапсырмаларын алады.

4. Дене шынықтыру сабағына қатыспаған кезде білім алушы куәландырылған медициналық анықтаманың немесе сынып жетекшісіне берілетін өзге де ресми құжаттың болмау себебін растауға міндетті.

5. Дене шынықтыру мұғалімі осы білім алушылармен алдағы сабаққа: материалды теориялық зерттеу; интеллектуалды ойындар; сабақты ұйымдастыруға немесе төрешілік жасауға көмектесетін физикалық немесе басқа сабақтардың түрін, дәрежесін және деңгейін анықтайды.

Дене шынықтыру сабақтарында білім алушылардың денсаулық жағдайы, генотипі, ішкі ұстанымдары, басым психоэмоционалды күйлері сияқты жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын сыныптарда дене шынықтыру сабағында сабақ кезінде олардың білік, дағдыларын, денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілдемені қолдану керек, сәйкесінше сабақты жоспарлау, балаларға жүктемені бөлу және оқыту формалары мен әдістерін таңдау керек. («Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынаққа қойылатын талаптар - Астана

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. --192 Б. <https://uba.edu.kz/qaz>).

Сондай-ақ, білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында дене шынықтыру мұғалімдеріне ҰҒП ДТО сайтының «Әдістемелік материалдар» бөлімінде орналастырылған дене шынықтыру және спорт бойынша әдістемелік материалдарды пайдалану ұсынылады (<https://nnpcfk.kz/index.php/kk/>).

2.7 «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» білім беру саласы

ҮОЖ, ҮОБ іске асыру ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» білім беру саласы пәнінен тұрады.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны бейіндік оқытудың ерекшеліктері: жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы міндетті оқу пәндері мен бейінді оқу пәндері ескеріле отырып, белгіленген оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларымен нақтыланады.

Оқу пәнінің мазмұны әскери іс, робототехника және IT-технологиялар негіздері туралы түсінік қалыптастыруды, білім алушыларда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызмет туралы түсінік және әскери іс негіздері бойынша білім қалыптастыруды, жалпыәскери жарғылар талаптарының мазмұнын білуді қамтамасыз етуге тиіс; жастардың азаматтық көзқарасын, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау қажеттігіне сенімділігін қалыптастыру; әскери кәсіпке салауатты қызығушылықты дамыту; төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздерін игеру.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 21-30, 85-90, 105,106-қосымшаларында (10-11 сыныптар) көрсетілген.

Оқу пәні білім алушыларды әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбиелеудің жалпы жүйесінде, олардың сана-сезімін, танымдық мүдделерін, коммуникативтік қабілеттерін, ерік-жігерлік қасиеттерін, бастапқы практикалық іскерліктерін, әскери іс бойынша дағдыларын, робот техникасы, автомобиль жүргізу, сандық фото және бейне жабдықтарды пайдалану бойынша теориялық негіздерін дамытуда маңызды орын алады. Оқу пәні қазақстандық әскердің даму тарихымен танысу және оның қазіргі жай-күйін зерделеу арқылы жігерлі, батыл, дені сау, әскери тұрғыдан функционалдық сауатты тұлғаны дамытуға бағытталған.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиыны өткізіледі. Оқу-далалық (лагерлік) жиындар талаптары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, 127-қосымшада берілген.

Білім алушылардың өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарда өз білімдері мен біліктерін, дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру (оқу, математикалық жаратылыстану сауаттылығы)

Білім алушылардың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттарда білімдерін пайдалану қабілетін қалыптастыру білім беру процесінің маңызды міндеті болып табылады, ол бағдарламаның теориялық бөлігін түсінуді ғана емес, оларды нақты өмірде қолдану қабілетін де қамтиды. Әскери іс негіздерін қалыптастыру кешенді көзқарасты талап етеді. «Экстремизм және терроризм - ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Экстремизм түрлері» тақырыбында терроризмге және экстремистік әрекетке толық сипаттама беру ұсынылады, террористік әрекеттің конституцияға қарсы әрекеттерінде: экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері; олардың сипаттамалық ерекшеліктерін бөліп көрсету және қауіптің дәрежесін салыстыру; зерттелген материалды жас ерекшеліктерін ескере отырып, әлемде болып жатқан оқиғалармен салыстыру. «Атыс дайындығы» бөлімінде «Калашников автоматын толық бөлшектемеу және құрастыру тәртібі» нормативін орындауда қажетті білім мен дағдыларды дамыту; автоматтың бөліктері мен механизмдерін игеруде дағдыларды пысықтау. Мұнда білім алушыларға қаруды бөлшектеу және құрастыру тәртібін қатаң сақтау қажеттілігін түсіндіру ұсынылады, өйткені бұл норматив өмірлік немесе төтенше жағдайда да қажет.

Геосаяси жағдайда әскери робототехника және роботтарды әскери істе қолдандудың негізгі бағыттары туралы түсініктерді дамыту; роботтарды олардың мақсаты бойынша жіктеу, сондай-ақ білім алушылардың ату негіздері мен ережелері туралы білімдері мен дағдыларын қолдау; практикалық атыстарды орындау кезінде алған дағдыларын қолдану; қауіпсіздік техникасын сақтау маңызды.

Білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Білім алушылардың жобалық қызметі қолданбалы тапсырмамен байланысты болуы тиіс, оның шешімі өнімі – материалдандырылған нәтиже болып табылады. Жобалық қызмет өнімдері: макет, атыс дайындығына арналған мектеп алаңының кішірейтілген масштабтағы объектісінің моделі, диаграмма қауіпсіз жаяу (велосипедпен) серуендеуге арналған маршрутты бейнелейтін графикалық құжат, саптық дайындық жаттығулары, постер, қазіргі мемлекетте бар әскери кәсіптердің түрлері туралы көркем безендірілген плакат, (слайдтар жиынтығы). Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құрудың бастауында тұрған тарихи тұлғалардың альбомы - жеке тұлға, қоғам және мемлекет үшін экологиялық қауіпсіздік шарттары туралы түсіндірме мәтінмен қоса иллюстрациялары бар басылым, әскерге шақырылғанға дейін және оның барысында азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы мәтіндік немесе графикалық ақпарат және т.б. болып табылады.

2.8 «ЦИФРЛЫҚ ҰСТАЗ» жобасын іске асыру аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Қаулысын орындау шеңберінде ҚР Үкіметі бастамасымен оқу процесін цифрландыру аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін «Цифрлық ұстаз» жобасы іске асырылады.

Жоба тұрмысы төмен отбасылардан (бұдан әрі - ТТО) шыққан үлгерімі төмен 8-11- сынып білім алушыларына қосымша қашықтан сабақтар ұйымдастыруға, ұсынылған 6 негізгі пәннен (алгебра, геометрия, химия, физика, биология, Қазақстан тарихы) 2 таңдалған пән бойынша білімдегі олқылықтарды толықтыруға және бітіру емтихандарына дайындалуға көмек көрсетуге бағытталған.

Қосымша сабақтар негізгі пәндер бойынша білімдерінде олқылықтары, күрделі және көлемді тақырыптарды меңгеруде қиындықтары бар, ТТО-дан шыққан үлгерімі төмен білім алушылар үшін өткізіледі.

Қосымша сабақтар

- қолжетімді цифрлық платформаларда цифрлық білім беру ресурстарын және бейнесабақтарды қолдана отырып, қашықтан оқыту форматында өткізіледі;
- әрбір пән бойынша сабақтарды өткізу үшін аптасына 2 сағат бөлінеді;

- қосымша сабақтар бойынша апталық оқу жүктемесі таңдауға болатын 2 пән бойынша аптасына 4 сағатты құрайды (ұзақтығы кемінде 1 сағат болатын екі сабақтан).

Жобаны жүзеге асыру 2024-2025 оқу жылының қыркүйегіне жоспарланған.

ТТО-дан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларды академиялық қолдау қызметін ұйымдастыру келесі нысандарда қарастырылған: цифрлық білім беру ресурстары қолданылатын қосымша сабақтар және кеңес беру сабақтары.

Үлгерімі төмен білім алушыларда қиындық туғызатын күрделі және көлемді тақырыптарды түсіндіру мақсатында айына 1 рет оффлайн форматта кеңес беру сабақтары өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының басшыларына және педагогтерге Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы көмек ретінде білім алушылардың білімін қайталау және бекіту үшін кеңес беру сабақтарын өткізу туралы ереже, сондай-ақ тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған қосымша сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

[3

Білім берудегі цифрлық шешімдер



3.1 Білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамыту

Өндірістің барлық салаларында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мектеп түлектерінен цифрлық техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруді, интерфейстердің жұмысын түсінуді, деректерді жинау мен цифрлық өңдеуді, деректерді қорғауды, ақпаратты іздеуді, қолдануды және ақпараттық көздерді әртүрлі негіздер бойынша саралауды талап етеді. PISA зерттеулері көрсеткендей, мектептер білім алушылардың цифрлық құрылғы экранында берілген ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, бірнеше көздерден алынған ақпаратты бағалау дағдыларын, осындай ақпараттың сенімділігі мен жарамдылығын бағалау қабілетін дамытуы қажет.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру МЖМБС шеңберінде цифрлық дағдыларды дамыту кешенді тәсілге негізделген, ол оларды бастауыш сыныптардағы цифрлық сауаттылық және негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі информатика пәндерінің мазмұнында ғана емес, сонымен қатар оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып, барлық білім беру салаларының мазмұнына біріктіруді көздейді.

Цифрлық құрылғы экранында ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, бірнеше көздерден алынған ақпаратты бағалау дағдыларын дамыту, ақпараттың сенімділігі мен жарамдылығын бағалау бастауыш сыныптардан бастап тілдер мен әдебиеттер бойынша оқу бағдарламаларында қарастырылған. Мысалы, өзге тілде оқытатын 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнында «4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу және ақпаратты кестеге салу (жіктеу)/сызба түрінде беру» оқыту мақсатын іске асыру шеңберінде «Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша мұғалімге интернеттен ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы ақпаратты табу және алу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану ұсынылады.

«Жаратылыстану» пәнінің келесі мақсаттарды іске асыру шеңберінде «Менің туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша «2.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздерден құралған қарапайым фразалардың мағынасын түсіну»; «Жанды табиғат» ортақ тақырыбында «3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну»; «3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен

кемшілігін анықтау» бойынша бастауыш сыныптарда педагогке ақпаратты іздеу, қолдану және интернет көздерінен туған өлкенің табиғи ерекшеліктері, өңір флорасы туралы ақпаратты іздеуге және қолдануға байланысты тапсырмалар шеңберінде ақпараттық көздерді саралау дағдыларын дамыту ұсынылады, бұл ретте интернет көздерінің ерекшеліктерін және интернет ресурстармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды атап өту қажет.

Digital Bridge 2023 халықаралық форумының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау шеңберінде «Astana Hub» корпоративтік қорымен бірлесіп 2024 жылғы тамызда орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін бағдарламалау негіздерін оқыту бойынша онлайн-білім беру платформасы пилоттық режимде іске қосылады.

2.2 Интерактивті және қызықты білім беру ортасын құру үшін цифрлық технологиялар мен шешімдерді пайдалану.

Техникалық жаңалықтар мен бағдарламалық жасақтаманың саны үнемі өсіп келеді. Оқыту мақсаттарын жүзеге асыру үшін педагог сабақтарда әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды, электрондық ресурстарды және басқа да цифрлық шешімдерді қолдана алады:

Демонстрациялық бағдарламалар: сипаттамалық сипаттағы оқу материалын, түрлі көрнекі құралдарды (картиналар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, плакаттар) көрнекі көрсету үшін. Демонстрациялық бағдарламалар педагогке зерттелетін тақырыптың негізгі аспектілерін көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

Интерактивті тақталар мен презентациялар: SMART Board немесе Promethean сияқты интерактивті тақталарды қолдану педагогтерге мультимедиялық элементтерді, интерактивті тапсырмаларды және онлайн өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін пайдалана отырып, динамикалық сабақтар жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқу процесін білім алушылар үшін қызықты әрі тартымды етеді.

Білім беру ойындары мен міндеттері: Білім беру ойындары мен міндеттерін пайдалану білім алушылардың назарын аударуға және оларды оқуға ынталандыруға көмектеседі. CodeCombat сияқты көптеген онлайн платформалар, Code.org, Scratch немесе Blockly, Kahoot және т.б. бағдарламалауды, алгоритмдік ойлауды және басқа компьютерлік дағдыларды дамытуға көмектесетін қызықты тапсырмалар мен ойжұмбақтарды ұсынады. Бұл бағдарламалар тест түрінде әртүрлі тексеру тапсырмаларын ұсынады. Жеке тәсілдеме ретінде пайдаланылады, білім алушылардың жетістіктері мен қателіктерінің егжей-тегжейлі бейнесін түсіреді.



Онлайн-коллаборациялар және білім алмасу: Google Classroom, Microsoft Teams немесе Slack сияқты ұжымдық жұмыс және білім алмасу үшін онлайн платформаларды пайдалану білім алушыларға өзара ынтымақтастыққа, оқу мәселелерін талқылауға және ресурстарды бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және командада оқуға ықпал етеді.

Бейнесабақтар мен оқу арналары: YouTube немесе Vimeo сияқты танымал платформаларда бейнесабақтар мен оқу арналарын құру педагогтерге материалды қызықты және қолжетімді түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға жаңа тұжырымдамаларды өз қарқынымен үйренуге және кез келген ыңғайлы уақытта материалға оралуға мүмкіндік береді.

Сабақтарда цифрлық технологиялар мен шешімдерді пайдалану материалды тиімді меңгеруге және білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға ықпал ететін ынталандырушы және интерактивті білім беру ортасын қалыптастырады.

Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқыту мақсаттарын іске асыру шеңберінде оқытудың интерактивті ортасын құру үшін интернет ресурстармен жұмыс пайдаланылады, мысалы, 10-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні оқыту мақсатын іске асыру шеңберінде «10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау» «Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» ортақ тақырып бойынша білім алушыларға талқыланатын шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалау үшін әдеби интернет-порталдарда ұсынылған әдеби шығармаларға шолуларды зерделеу ұсынылады.




Әдебиет сабақтарын өткізу барысында әдеби шығармалардың фильмдерін қарап, ары қарай оның идеясын, тарихи-мәдени құндылығын талқылау ұсынылады.

Оқыту мақсаттары:	Сабақ барысы
<p>Қазақ әдебиеті. 10- сынып. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмалық шығармасының тарихи құндылығы.</p> <p>«10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау»</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылар «Галереяда ой шарлау» стратегиясы арқылы қабырғада ілінген тұжырымды оқып, ой қорытып, сабақтың мақсатын анықтайды. (10-сынып «Қазақ әдебиеті» электрондық оқулығы https://qazaqadebieti.kz/10996/beseudihaty-nemese-asharshyly-rbandaryny-s-rauy) 2. Мағынаны тану. «Дөңгелек үстел», «Флеш карта» әдісі. «Дөңгелек үстел» стратегиясы арқылы авторлық идея, тарихи шындық пен көркем шындық ұғымдарын талқылайды. https://wordwall.net/ru/resource/ 3. Видео таныстырылым көреді QR код ақпарат беріледі, QR код сөздік беріледі. <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <ol style="list-style-type: none"> 4. Қабілеті жоғары білім алушыларға саралау тапсырмалары, деңгейлік тапсырмалар берілді. 5. Тарих сабағымен пәнаралық байланыс жасалады. <p>https://qazaqadebieti.kz, https://www.youtube.com сайттары және https://wordwall.net/ru бағдарламасы арқылы АКТ-мен байланыс жасалды.</p>

Білім беру ойындарын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде пайдалану ұсынылады, бұл барлық білім алушыларды өзін-өзі бағалау процесіне тартуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту өзге тілде жүргізілетін 3-сыныпта «9 мамыр - Жеңіс Күні» тақырыбы бойынша Kahoot қосымшасын пайдалана отырып, білім алушылардың көрсетілген шағын сахнаның мазмұнын түсінуін және зерттелетін тақырып бойынша жаңа сөздерді бекітуді бағалау ұсынылады.

Оқыту мақсаттары:	Сабақ барысы
<p>3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау</p> <p>3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқулықпен жұмыс, 107-бет, жаңа сөздермен жұмыс (таймер арқылы). Үш оқушы Жеңіс күніне арналған шағын көрініс көрсетеді. https://youtu.be/lo_vclYh568 2. Жаңа сөздерді қайталайды, аудармасын жазады, есте сақтайды, бір-бірінен топта сұрайды. Көріністен түсінгендері бойынша Kahoot бағдарламасы арқылы жауап береді (қай топ дұрыс әрі жылдам). https://create.kahoot.it/auth/login: <p>1 сұрақ: Соғыс қашан басталды?</p> <p>2 сұрақ: Қай адам соғыс батыры емес?</p> <p>3 сұрақ: Ардагердің балалық шағы бақытты болған?</p> <p>4 сұрақ: Соғыс неше жылға созылды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. Бір-бірін таймерсіз тексереді. Жаңа сөздермен 2-3 сөз тіркестерін құрады. 4. Таймер арқылы бір-бірін тексереді. Сөздермен 1-2 сөйлем құрастырады.

Қазақ тілі сабақтарында білім беру ойындарын қолдану ұсынылады <https://wordwall.net> и <https://quizizz.com/> формативті бағалау шеңберінде оқу жетістіктерін бағалау кезінде. Зерттелетін тақырып бойынша интерактивті материалдарды көрсету үшін VR мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады.

Оқыту мақсаттары:	Сабақ барысы
<p>Қазақ тілі. 5-сынып.</p> <p>Бөлім атауы: Жануарлар әлемі мен есімдіктер дүниесі</p> <p>Тақырыбы: Көліктің пайда болу тарихы. Сан есімнің заттануы.</p> <p>«5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу»</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Сабаққа дайындық» тренингі (1 минут) 2. Үй жұмысын сұрау: 3 деңгей <p>1-деңгей «2 шапалақ» ауызша</p> <p>2-деңгей https://wordwall.net</p> <p>3-деңгей куизиз платформа, шыңға шығу ойыны https://quizizz.com/</p> <p>Ресурс: View in AR шынайы көрініс 3 Д суреттер</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;"> <p>View in AR x</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>View in AR x</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>View in AR x</p>  </div> </div>

Қазақ тілінің оқу бағдарламасына сәйкес бүгінгі таңда түрлі интерактивті-мультимедиялық онлайн платформалар пайда болды. Бұл білім алушыларға сабақ кезінде де, сабақтан тыс уақытта да тест, сәйкестендіру немесе анимациялық тапсырмалар арқылы білім мен дағдыларды өзін-өзі бағалай отырып, күрделі тақырыптар бойынша білімді тереңдету немесе білім олқылықтарын толтыру үшін цифрлық оқу ресурстарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мұндай онлайн платформаларға мыналар жатады <https://imektep.kz/>, <https://daryn.online.kz/>, <https://bilimland.kz/> бағдарламалары.

Цифрлық дағдыларды қалыптастыруда және «6.4.8.1 use independently familiar paper and digital reference resources to check meaning and extend understanding» оқыту мақсатын жүзеге асыруда орындаған тапсырмаларды жасанды интеллектті(Chat GPT) қолдана отырып тексеруге келесі жұмыс ұсынылады: Match the words with the definitions. Use ChatGPT to check if the task was completed correctly.

daily routine	is a regular activity that is done for enjoyment.
extracurricular	is a building or a room where a collection of items including books, periodicals, music, audio-visual, artwork, etc. are kept.
the library	not falling within the scope of a regular curriculum
hobby	is a set of activities or tasks that an individual performs on a regular basis

«Жаратылыстану» білім беру саласындағы сабақтарда физикалық, химиялық және биологиялық процестерді жақсы түсіну үшін анимацияларды, бейнелерді және интерактивті диаграммаларды ұсынатын интерактивті оқулықтар мен онлайн ресурстарды пайдалану ұсынылады. Білім алушылар эксперименттерді қауіпсіз және тиімді жүргізе алуы үшін BioMan Bio Lab және PhET Interactive Simulations және NB Chemistry, Crocodile Chemistry виртуалды зертханаларын пайдалану ұсынылады.

Оқыту мақсаттары	Виртуалды зертханалар
«Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар» №4 зертханалық тәжірибе	Жоғары термиялық реакцияларды көрсетуге болатын Super Chem VR, PhET Interactive Simulations, OLabs, «BilimLand» платформасы, Opiq.kz, NB Chemistry, Crocodile Chemistry
«Фотосинтез процесіне әсер ететін факторларды зерттеу» зертханалық жұмысы	Биологиялық тұжырымдамаларды визуализациялауға арналған BioMan Bio, Virtual Cell Animation Collection немесе BioDigital Human платформалары.

Интерактивті оқу ортасын құру және білім алушыларды топтық тапсырмаларды немесе жобаларды орындау кезінде бірлескен жұмысқа тарту үшін Padlet, Jamboard және т.б., GoogleClass, Google документ және т.б. онлайн тақталарды пайдалана отырып, бір құжатта бірлесіп жұмыс істеу үшін цифрлық шешімдерді пайдалану ұсынылады.

Оқыту мақсаттары	Тапсырма мысалы
9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу	Ұсынылған оқыту мақсатын жүзеге асыру шеңберінде Google Docs-та «Анаэробты және аэробты тыныс алу процестері» салыстырмалы кестесін толтыру

Білім беру саласындағы сабақтарда жаратылыстану виртуалды шындықты (VR) немесе аугменталды шындықты (AR) қолдана отырып, виртуалды экскурсияларды ұйымдастыру ұсынылады. Бұл орманға саяхат, су астындағы зерттеу немесе әртүрлі экожүйелерді зерттеу болуы мүмкін.

Зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырған кезде IBM Watson Assistant немесе Microsoft Azure Bot Service сияқты жасанды интеллект негізіндегі чат-боттарды білім алушылар сұрақтар қоя алатын және әртүрлі ғылыми тақырыптарға жедел жауап ала-алатын интерактивті білім беру орталарын құру үшін пайдалану ұсынылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласы сабақтарында цифрлық шешімдер арқылы оқытудың интерактивті ортасын ұйымдастыру барлық білім алушыларды оқу процесіне тартуға және оқыту мақсаттарын іске асыруға ықпал етеді.

Тарих пәндері бойынша білім алушыларды сабақтарда тарихи деректерді талдау және цифрлық құралдарды пайдалана отырып өз зерттеулерін жүргізуге ынталандыру маңызды болып табылады.

Осы мақсатта сабақтарда бейне презентациялар немесе жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалану сияқты мультимедиялық жобаларды қолдану ұсынылады. Бұл сыни ойлауды дамыту, ақпаратты талдай білу, коммуникативті дағдылар мен шығармашылық сияқты заманауи талаптарға сай келеді.

Тарих сабақтарында білім алушыларға тарихи оқиғалар, тұлғалар және дәуірлер туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік беретін чат боттарды немесе виртуалды көмекшілерді пайдалану ұсынылады. Мәселен, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне арналған тарих сабақтарында педагогтер білім алушыларға ұлттық мүдделерді қорғаудағы көзқарастарын, идеялары мен қызметін тереңірек түсінуге көмектесу үшін тарихи тұлғалардың өздерімен диалогқа келтіретін чат боттарды пайдалану ұсынылады.

Тарихи тұлғаларды зерттеуге танымдық қызығушылықты дамыту үшін тарих сабақтарында фотосуреттерде бет анимациялары бар бейнелер жасау және Deep Nostalgia™ шынайы бейнесін көру технологиясын қолдану ұсынылады. Технология тарихи тұлғаның шифрланған анимациясын жасауға мүмкіндік береді. Оны білім алушы жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен бірге табуға кеңес беріледі. Білім алушыларға тарихи тұлғаны нейрондық желіге қарағанда тезірек болжауы оларға қосымша мотивация береді. Осылайша, жасанды интеллект пен нейрондық желілер мотивациялық және білім беру жағынан оқытуда тамаша көмекші бола алады. Сабақтарда тарихи оқиғаны баяндауда визуалды (видео, скрайбинг,

майнд-мэп, инфографика), толықтырылатын сандық әңгімелеуді (storytelling) қолдану ұсынылады. Мысалы, «8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру», «8.2.3.4 Қ.Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру», «9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау» оқыту мақсаттарын іске асыру кезінде сандық әңгімелеудің артықшылықтарын көрсету ұсынылады. Ақпаратты іздеу және жүйелеуді ұйымдастырудың бұл әдістері тарихи процестер мен оқиғаларды шынайы мысалдармен табу, талдау, іріктеу, қайта құру, сақтау, түсіндіру және баяндау, сондай-ақ ақпаратты заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүйелеуге мүмкіндік береді.

Виртуалды экскурсияларды пайдалану білім алушылардың әлемнің мәдени мұрасы мен тарихи көрікті жерлері туралы білімдерін байыта отырып, оқу процесін толықтырады. Виртуалды экскурсиялар педагогтер мен білім алушыларға сыныптан шықпай-ақ музейлер мен тарихи орындарға баруға мүмкіндік береді. Google Arts & Culture сандық ресурсы әртүрлі дәуірлерден және мәдени мәнмәтіндерден өнер туындыларын табуға болатын әйгілі музей коллекцияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы ресурстар арқылы педагогтер білім алушылардың қызығушылықтарына сәйкес қызықты, әртүрлі экскурсиялар жасай алады. Мәселен, «5.2.2.2 Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау»; «6.2.2.2 өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау (сәулет, кескіндеме)»; «7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау» оқыту мақсаттарына жету үшін виртуалды музейлер мен тарихи орындарға саяхат жасау білім алушыларға өткен заманға енуге және тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Құқық негіздері бойынша жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, «9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну» оқыту мақсатын іске асыру кезінде, білім алушылар цифрлық заңнамалық актілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, құқықтық жағдайларды талдайды. Өз көзқарастарын дәлелдейді, сол арқылы қажетті цифрлық құзыреттерді қалыптастырады. Мұндай дағдылар цифрлық әлемде білім алушылардың күнделікті өмірінде кездесетін жағдайларды шешуде маңызды болады.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау. Біз тұтынушылар ретінде өз құқығымызды білеміз бе?» тақырыбын оқыту кезінде цифрлық құзыреттілікті дамыту мақсатында білім алушылармен өмірлік мысалдарды, онлайн-сатып алуларды талдау бойынша жағдаяттық тапсырмаларды және тауарды қайтаруды; онлайн-сервистердегі деректердің құпиялылығы мен қорғалу ережелерін, онлайн-жарнаманы және ақпараттың дұрыстығын бағалауды талқылауға болады. Бұл білім алушыларға тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәнмәтінінде цифрлық құзыреттілікті дамытуға көмектеседі.

«Технология және өнер» білім беру саласының сабақтарында интерактивті және танымдық-қызықты білім беру ортасын құру келесі қадамдарды қамтиды:

- білім алушыларға өнер әлеміне енуге және оның аспектілерін қызықтыра отырып зерделеуге мүмкіндік беретін виртуалды презентацияларды, бейне сабақтарды, онлайн тесттерді, ойындарды немесе қосымшаларды пайдалану;
- білім алушылардың әлемдік деңгейдегі өнер мұражайларына виртуалды саяхаттар жасау және виртуалды өнер көрмелеріне қатысуды қамтамасыз ету;

Сабақтарда ОРТИТЕХ, АВТОҚИЮ және басқа да бағдарламаларды пайдалану арқылы, оның ішінде онлайн форматта киімдерді, сондай-ақ әртүрлі материалдардан бұйымдарды жобалау мүмкіндігі ұсынылады.

Нейрондық желілерді пайдалана отырып, мәтіндік сипаттамалар негізінде кескіндерді жасау, өнімдер мен киімдердің дизайнын әзірлеу үшін, мысалы, Kandinsky қызметін пайдалана отырып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады.

Осылайша, цифрлық технологиялар мен шешімдерді пайдалану «Көркем еңбек» оқу пәнін оқыту процесін жетілдіруге және оны білім алушылар үшін интерактивті және тартымды етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар музыканы визуализациялауға мүмкіндік береді. Білім алушылар ноталардың, аккордтардың, әуендер мен ырғақтардың графикалық көріністерін көре алады. Бұл оларға музыкалық ұғымдарды жақсы түсінуге көмектеседі.

Сандық аспаптардың көмегімен білім алушылар өздерінің музыкалық композицияларын, аранжировкаларын немесе ремикстерін жасай алады. Бұл шығармашылық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Adobe Audition – бұл кез-келген күрделіліктегі музыка мен композицияларды өңдеуге мүмкіндік беретін функционалды аудио өңдегіш. Reaper – бұл аты аңызға айналған Winamp ойнатқышын жасаушылар жасаған толық виртуалды студия. Sound Forge Pro: бұл сандық аудио өңдеуге арналған жақсы бағдарламалық жасақтама. Ableton Live: бұл сандық аудио жұмыс станциясы және музыка жасауға арналған бағдарламалық жасақтама. Mixcraft: бұл қуатты көп тректі жазу студиясы және музыка жасауға арналған қосымша. Virtual DJ: бұл Atomix Productions әзірлеген аудио және бейне араластыру бағдарламалық құралы.

Білім алушылар онлайн-кітапханалар, бейне сабақтар және музыкалық қолданбалар арқылы өткен дәуірлердегі және мәдениеттердегі түрлі жанрлардағы музыканы үйрене алады.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларымен бірге компьютерлік технологияларды әдістемелік негізде қолдану зерттеу іс-әрекетінің танымдық дағдыларын, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, сабақтарда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады, білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, коммуникативтік қабілеттерін дамыту қабілетін қалыптастырады.

3.3 Қашықтан оқытуда цифрлық технологияларды қолдану

Тірек мектептерге бекітілген шағын жинақты мектептердің білім беру процесін «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша қашықтан ұйымдастыруға болады.

Пәндерді қашықтан оқыту 4 модель бойынша ұйымдастырылады:

1-модель: нақты уақыт режимінде синхронды оқыту, педагог пен білім алушылардың өзара қарым-қатынасы тікелей оқу процесінде жүреді;

2-модель: асинхронды оқыту, мұнда педагог пен білім алушы белгілі бір уақыт режимінен тыс оқу кезеңінде байланыста болады;

3-модель: білім алушылар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ата-аналармен және (немесе) өзге де заңды өкілдермен өзара байланысты пайдаланып, қашықтан оқытуды және офлайн-форматты біріктіретін гибриді оқыту;

4-модель: консультациялық оқыту, мұнда негізгі мәселе педагогтің белсенді қолдауымен білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере оқыту.

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін тірек және шағын жинақты мектептердің «бірыңғай» жұмыс оқу жоспары әзірленеді, ол педагогикалық кеңестердің бірлескен отырысында бекітіледі.

Берілген жұмыс түрі Ақтөбе облысындағы ауылдық мектептер мен шағын жинақты мектептерді дамыту бойынша пилоттық жоба апробациясы нәтижелері бойынша ұсынылған.

Қашықтан оқыту кезінде педагогтер білім беру платформаларының мазмұнын (BilimLand, Daryn Online, Roged Science, Күнделік), электронды оқулықтары бар платформаларды пайдалана (TopIQ.kz, Opig.kz), сондай-ақ әртүрлі интерактивті қосымшаларды (Wordwall, Padlet, Socrative, Kahoot және т.б.) қолдана отырып, жеке оқу тапсырмаларын әзірлей алады.




Назар аударыңыз!

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдары Академияның <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=21> сайтында қолжетімді

3.4 Біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыруда цифрлық ресурстарды пайдалану

Біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастырғанда келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

1. Білім алушылардың жасына, қызығушылығына, дайындық деңгейіне және білім беру қажеттіліктеріне байланысты әртүрлілігі, бұл білім беру мен оқу процесіне әсер етеді;
2. Оқу қарқынындағы айырмашылықтар, педагог пен білім алушылардың әртүрлі топтарының мүдделері мен қажеттіліктеріне назар аудара алады, бірақ материалдың қарқыны мен күрделілігін таңдау кезінде олардың ерекшеліктерін ескеру қажет;
3. Білім алушылардың өзара қарым-қатынасы, өзара оқыту мен өзара бағалауды ұйымдастыру «үлкеннен кішіге» қағидаты бойынша немесе түрлі тәсілдерді қолдану арқылы мүмкін болса, сондай-ақ білім алушылардың саны аз болғанда бірлескен талқылау, талдау немесе шығармашылық шешімдер әзірлеу процестерін қиындатады;
4. Сабақты жоспарлау, біліктер мен дағдыларды пысықтау үшін оқу ресурстары мен тапсырмаларды таңдау;



Біріктірілген сыныптарда оқытуды ұйымдастырған кезде сыныптарды интернет желісіне және құлаққапқа қол жеткізе отырып компьютерлермен (ноутбуктермен) жабдықтау ұсынылады. Құлаққаптар аралас сыныптағы басқа білім алушылардың мультимедиа, аудио, бейне-мазмұн дыбыстарына алаңдамауы үшін қажет.

Егер интернетті әр компьютерге (ноутбукке) қосудың техникалық мүмкіндігі болмаса, цифрлық ресурстарды қолданып, оқу материалдарын әзірлеп, офлайн жұмыс үшін әр компьютерге (ноутбукке) дайындалған материалдарды жүктеу ұсынылады.

Біріктірілген сыныптағы сабақтың ең маңызды ерекшелігі – білім алушылардың өзіндік жұмысын міндетті түрде жүргізу. Біріктірілген сыныпта білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша келесі ұсыныстар беріледі:

Викториналар мен тесттер		Кері байланысы бар еркін тапсырмалар
Тексеру материалдарына сұрақтар мен тестілерді, соның ішінде викториналарды, материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін жазбаша жауапты қажет ететін тапсырмаларды қосыңыз.		Білім алушының үлгерімі және жақсартуды талап ететін аспектілері туралы міндетті түрде кері байланыс берілетін өзіндік жұмысқа тапсырмаларды қосыңыз
Интерактивті тапсырмалар	Өзін-өзі бағалау және рефлексия	Қайталау үшін ресурстарға қол жеткізу
Автоматты тексерілетін интерактивті тапсырмалар қосыңыз, соның ішінде бірнеше жауап таңдау, бос орынды толтыру және т. б.	Білім алушыларды өз жетістіктерін белгілей алатын және әрі қарай зерттеу бағыттарын анықтай алатын сауалнамалар немесе журналдар толтыру арқылы өзін-өзі бағалауға ынталандырыңыз	Білім алушыларға дәріс жазбалары, оқу материалдары және қосымша тапсырмалар сияқты өткен материалды қайталау үшін ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беріңіз.

Цифрлық ресурстар білім алушыларға өздігінен жұмыс жүргізу және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ материалдарды өздігінен зерттеуге, тапсырмаларды өз қарқынымен орындауға бірегей мүмкіндіктер береді.



Назар аударыңыз!

Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар Академияның <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=21> сайтында қолжетімді

[4

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері



Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- **Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
 - **Қазан** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
 - **Қараша** – әділдік және жауапкершілік айы
 - **Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы
-

- **Қаңтар** – заң және тәртіп айы
- **Ақпан** – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- **Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Мамыр** – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың іс-шаралары

күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

жыл сайын:

- «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.
 - «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.
 - «Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу.
-

- Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.
- Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.
- «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.



Назар аударыңыз!

Білім беру ұйымдары білім алушылардың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерекшеліктеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдай алады

Білім күнін өткізу

2 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!».

Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір-біріне сыйластық құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет.

Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып білім алушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңызды екендігіне назар аудару қажет.

Мыналарды:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;
- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады.
- Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектебім – мейірім мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.
- Бейнероликті орналастыру күні: 2024 жылғы 2 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00. Хэштег: #Bilim_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін: «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірім мекені», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;
- бірінші сынып білім алушыларына: «Мектепке алғашқы қадам»;
- 2-4-сынып білім алушыларына: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»;
- 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»;
- 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»;
- 1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;
- сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

**Назар аударыңыз!**

Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдамалармен <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3> сайтынан толығырақ танысуға болады

Қолайлы мектеп климатын, педагогтердің мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және олардың білім алушылардың мінез-құлқына әсері

Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері оқу-тәрбие процесінде қолайлы мектеп климатын, мінез-құлқы және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты ұсынылады:

1. Мектеп климатын құру және қолдау

- білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ынтымақтастық пен қолдау атмосферасын қалыптастыру;
- білім беру ұйымының оқу ортасын, оның ішінде сынып бөлмесінің ауа сапасын, температуралық режимін және жарықтандыруды жақсарту.

2. Мінез-құлқы және қарым-қатынас мәдениетін дамыту

- «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын қолдайтын ережелерді әзірлеу және енгізу;
- білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін этикалық нормаларды белгілеу;
- барлық білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті орта құру.

3. Мінез-құлқы және қарым-қатынас мәдениетін қолдау

- педагогтер, білім алушылар және ата-аналар / немесе заңды өкілдер арасында сыйластық қарым-қатынас орнату;
- білім алушылар арасында достық пен өзара сыйластық қарым-қатынастарды дамытуға қолдау көрсету;
- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушылардың әл-ауқатына жағдай жасау.

Орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру

Кәсіптік бағдар – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру («Білім туралы» Заңы).

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысы басшының тәрбие және бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасарының, педагог-кәсіптік бағдар берушінің, сынып жетекшісінің, мектеп психологының, пән педагогтерінің, әлеуметтік педагогтердің басшылығымен «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары:

Кәсіби ақпараттандыру

Кәсіптік ақпараттандыру кәсіптік бағдар беру мен білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіптік ақпараттандырудың келесі бағыттарына назар аударуға болады:

1. Еңбек нарығының жай-күйі: Жаңа мамандықтар атласының өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, бос жұмыс орындарын, біліктілікке қойылатын талаптарды, әртүрлі салалар мен кәсіптердің даму перспективаларын қоса алғанда, еңбек нарығының ағымдағы жай-күйі туралы деректерді ұсыну.
2. Кәсіптерге қойылатын талаптар: әртүрлі кәсіптерге қойылатын нақты талаптар туралы ақпарат.
3. Кәсіби өсу мүмкіндіктері: әртүрлі қызмет салаларында кәсіби және мансаптық даму мүмкіндіктерін қарастыру.
4. Кәсіпті игерудің нысандары мен шарттары: білім алудың және белгілі бір мамандыққа дайындықтың әртүрлі тәсілдері туралы ақпарат, соның ішінде оқу орындары, оқу курстары.
5. Өндірістің заманауи түрлері: өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, қызметтердің және басқа да қызмет салаларындағы жұмыстың заманауи технологиялары мен әдістерімен танысу.



Назар аударыңыз!

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын анықтау және диагностика жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 692 бұйрығы

Кәсіби диагностика

Білім алушылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі анықтауының психологиялық аспектілерін диагностикалауға, олардың кәсіби бағытын таңдауға мүмкіндік беретін әдістерді қолдану ұсынылады.

Кәсіби кеңес беру

Келесі бағыттар бойынша кәсіптік кеңес беру ұсынылады:

- Мамандық таңдау. Білім алушының жеке психологиялық сипаттамалары мен мамандыққа қойылатын талаптарды ескеру.
- Кәсіби ұтқырлық. Кәсіби құзыреттерге қойылатын өзгермелі талаптарға сәйкес жеке-психологиялық қабілеттерін және кәсіптік даярлық деңгейін дамыту.

- Кәсіби өзін-өзі анықтау. Мамандық таңдауда, кәсіби дамуда және өзінің жеке-кәсіптік әлеуетін іске асыру мүмкіндігінде өзін анықтау.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері әзірлеген орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі ұсынымдар:

1. Білім беру ұйымдарында кәсіптік әлеуетті дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар
2. ҚР орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысының моделін құру әдіснамасын әзірлеу
3. Педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұсынымдар
4. Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша (әдістемелік кабинеттердің басшылары, мектеп директорларының орынбасарлары, сынып жетекшісі, пән педагогтері, педагог-психологтар үшін) әдістемелік ұсынымдар
5. Білім алушыларды үздіксіз кәсіптік бағдарлау жүйесін құру стратегиясы бойынша әдістемелік ұсынымдар



Назар аударыңыз!

Мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша әдістемелік ұсыныстармен Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның сайтында танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3>

Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша мектептер мен ата-аналардың өзара іс-қимылын күшейту, ата-аналар арасында оң мәдениетті дамыту мақсатында ұйымдастырылады.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті ата-ана мәдениетін, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу және дамыту үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары орталықтың қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады: жоспарлау, кесте құру, бақылау;
- ата-аналарға педагогикалық қолдауды сынып жетекшілері, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, қосымша білім беру педагогтері жүзеге асырады;
- ата-аналардың сұранысын ескере отырып, ұсынылатын бағдарламаның 30% - на дейінгі көлемде сабақтардың тақырыптарын өз бетінше анықтауға жол беріледі;
- қосымша ата-аналар жұртшылығының аға буынының белсенді өкілдерін тарта отырып, «Даналық мектебі» клубын ұйымдастыру ұсынылады.



Назар аударыңыз!

Ата-аналармен жұмысты қолдау мақсатында цифрлық платформасы ұсынылады:
<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main>

Ата-ана тәрбиесі барысында келесі интерактивті формалар қолданылады: дөңгелек үстел (пікірталас, пікірталас); миға шабуыл (брейнсторм, ми шабуылы); іскерлік және рөлдік ойындар; case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау); мастер-класс; тренинг, тренингтік жаттығу.

2024–2025 оқу жылында ата-аналарды қолдау орталықтары әртүрлі жас топтарындағы балалардың ата-аналары үшін 2.0 бағдарламасын ұсынылады. Сабақтардың мазмұны балалардың физикалық, когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуде ата-аналардың құзыреттілігін дамытуға арналады.

Психикалық денсаулық, ұйқы, тамақтану, есте сақтау, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмпатия, қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті және т.б. мәселелері қарастырылады.

[5

Инклюзивті білім беру



Жалпы білім беретін мектептерде жайлы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру

Әлемдік білім беруде әрбір баланың сапалы білім алу құқығын тануға бағдарланған оң үрдістер байқалуда. Бұл инклюзивті білім беру ортасын құру үшін оқу әдістерінің икемділігімен, оқу үлгерімін бағалау жүйесімен және теңдік, ортақтастық, ынтымақтастық құндылықтарына баса назар аударумен көрінеді.

Мұндайда жайлы инклюзивті білім беру ортасы – білім беру ұйымының ішкі кеңістігі ғана емес, білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерінің әртүрлілігін ескеретін жағдайлар жүйесі.



Назар аударыңыз!

Білім беру ұйымының басшысы білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапты болады. «Білім туралы» ҚР Заңы, 45-бап

Мектепте білім беру ортасының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кедергісіз кеңістік құру қажет. Осы міндетті шешуде арнайы білім беру ұйымдарына арналған жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын сақтау, сондай-ақ жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы жағдайлар жасау ұсынылады.



Назар аударыңыз!

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70

Мектепте психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен және «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен, «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығымен және инклюзивті білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы ережені шығарып, ережені бекітеді, мамандардың құрамы мен лауазымдық міндеттерін бекітеді, олардың пәнаралық негізде кәсіби өсуіне жағдай жасайды.



Назар аударыңыз!

Инклюзивті ортада білім беру процесін ұйымдастыру бойынша мектеп әкімшілігіне арналған әдістемелік ұсынымдармен <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22> Академия сайтынан танысуға болады

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау деп жүйелі-ұйымдастырылған қызмет түсініледі. Ол келесілерді қамтиды:

1. ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалау;
2. педагогтер мен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету;
3. ерекше білім беруді қажет ететін балалардың табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары: жеке оқу жоспарлары, жеке оқу бағдарламалары, мамандардың жеке дамытушы бағдарламалары, психологиялық-педагогикалық

қолдау үшін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тізімі. Аталған бағдарламалар білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі және білім алушылардың ата-аналарымен келісіледі.



Назар аударыңыз!

Жалпы білім беретін мектептің оқу процесінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдармен Академия сайтынан танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22>

Жалпы білім беретін мектепте зияты зақымдалған білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау

№4 бұйрықпен бекітілген Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына ҚР БҒМ МДӨБК 04.04.2022 ж. № 1-6/543 әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жалпы сыныпта/топта оқитын зияты зақымдалған балаларға оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын келесі түрде өзгерту ұсынылады:

1. ПМПК ұсынымы бойынша негізгі оқу пәндері бойынша жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларын құру. Оқу бағдарламаларын даралау бастауыш және негізгі орта білім беру сатыларында жүзеге асырылады.
2. Жеке оқу жоспары жалпы білім беретін мектептер үшін негізгі орта білім берудің Үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, одан олардың ең аз мазмұнын игеруге білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері кедергі келтіретін оқу пәндері алынып тасталады.

Оқулықтарды, оқу құралдарын, жұмыс дәптерлерін іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау жеке оқу бағдарламасының мазмұнына және оқытудың қолданылатын әдістеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін сыныпта оқыту психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының кабинеті жағдайында оқу процесін ұйымдастырумен ұштастырылуы мүмкін. Мұндай оқыту уақытша негізде мінез-құлық проблемалары немесе оқу қиындықтары айқын және бағдарламаны меңгерудегі үлкен олқылықтары (артта қалуы) бар білім алушыларға, тұрақты негізде – жеке оқу бағдарламасы бойынша жекелеген оқу пәндері бойынша зияты зақымдалған білім алушыларға ұсынылады.



Назар аударыңыз!

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құру бойынша әдістемелік ұсынымдармен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22>

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды ағымдағы бағалау

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 4-тармағына сәйкес «ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың пәндер және (немесе) модульдер бойынша үлгеріміне ағымдағы бақылау психофизикалық даму ерекшеліктері ескеріле отырып жеке тапсырмалар бойынша өткізіледі».

№4 бұйрықпен бекітілген Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес «зияты зақымдалған білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламалары негізгі оқу пәндері бойынша құрылады. Жетістіктерді балдық бағалау пайдаланылмайтын оқу пәндері бойынша оқыту жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады».

№125 бұйрықтың 15-тармағына сәйкес «ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшем-шарттарына өзгерістер енгізеді».



Назар аударыңыз!

Инклюзия жағдайында бастауыш және негізгі мектептің оқу пәндері бойынша БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдармен Академия сайтынан келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22>

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қорытынды аттестаттау

№125 бұйрықтың 66-тармағына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

№272 бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 3-тармағының 5-тармақшасына сәйкес педагогикалық кеңес ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу, оларды емтихандарға жіберу, білім алушыларды емтихандардан босату жөнінде шешім қабылдайды.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес зияты зақымдалған жалпы білім беретін мектептердің түлектері БТ сериясының аттестатын алады, оған Қосымшада білім алушыларға қандай оқу пәндері оқытылмағаны көрсетіледі.



Назар аударыңыз!

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен Академияның сайтынан келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22>

Мектепте педагог-ассистенттің қызметін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес педагог-ассистенттің қызметтері ПМПК ұсынымдары негізінде психофизикалық дамуы мен мінез-құлық бұзылыстары бар білім алушыларға тұрақты негізде ұсынылады.

№ 4 бұйрықпен бекітілген Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына ҚР БҒМ МДОБК 04.04.2022 ж. № 1-6/543 әдістемелік нұсқау хатына сәйкес педагог-ассистенттің жеке сүйемелдеуі мінез-құлық бұзылыстары келесі сипатта көрінетін білім алушыларға ұсынылады:

1. білім алушының сабақта мінез-құлық ережелерін орындай алмауы: партада отыра алмайды, орнынан тұрады, сыныпта жүреді; мұғалімнің талаптарын орындамайды;
2. білім алушының не істеу керектігін түсінуін қамтамасыз ету үшін үнемі жеке көмек пен мұғалімнің қолдауы қажет болған кезде мұғалімнің фронтальді нұсқаулары мен ауызша түсіндірмелерін қабылдау немесе түсіну қиындықтары;
3. сабақта өзін-өзі ұйымдастырудың және өзін-өзі бақылаудың қиындықтары: білім алушы сабаққа өзі дайындала алмайды, ересек адамның көмегінсіз сынып жұмысына қосыла алмайды, сынып тапсырмаларын орындамайды;
4. мінез-құлық және эмоциялық бұзылыстары бар білім алушылар: білім алушы дауыстап сөйлейді, себепсіз күледі, айқайлайды, жылайды, балалардың назарын өзіне аудартады және сынып/топтың жұмысына кедергі келтіреді; сыныптастарына, тәрбиешілеріне, басқа адамдарға (ұрады, тістейді, заттарды лақтырады және т.б.) өзіне және/немесе өзгелерге агрессия көрсетеді.

Педагог-ассистенттің мектептегі көмегі уақытша негізде – баланың сыныпта/топта өз бетінше оқу қабілетін қалыптастырғанға дейін немесе қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестігі тұрақты бұзылған балаларға тұрақты негізде ұсынылады.

Мектепте инклюзивті мәдениетті қалыптастыру

Мектептерде инклюзивті мәдениетті қалыптастыру мақсатында келесі жұмыс түрлерін ұйымдастырған жөн:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының қатысуымен ата-аналар клубтары;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өзге қатарластарымен бейресми қарым-қатынасының әртүрлі формалары: көгалға шығу, шай ішу, ойындар, мерекелерді бірге өткізу, мұражайларға бару, экскурсиялар, әлеуметтік желілердегі байланыс және т.б.;
- балалар мен сынып ата-аналарының, пән педагогтерінің, сынып жетекшісінің, педагог-психологтің, әлеуметтік педагогтің, логопедтің (педагог-дефектолог), медицина қызметкерінің, педагог-ассистенттің қатысуымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетудің ерекшеліктері мен жолдарын талқылау бойынша консилиумдар;
- ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың табысты өмірі мен кәсіби мансабын, өз қабілетін жүзеге асыруын көрсететін көркем фильмдерді балалардың, ата-аналардың және сынып педагогтерінің бірлесіп қарауы және талқылауы;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаға пәрменді көмек көрсете алған педагогтердің ата-аналарға, әріптестерге тәжірибемен бөлісуге арналған мастер-класстары мен тренингтері, ашық сабақтары және консультациялары;
- сыныпта білім беру процесінің барлық қатысушыларымен (педагогтер, балалар, ата-аналар) туындаған проблемалар мен оларды шешу жолдарын бірлесіп талқылау;
- сыныпта оқитын ерекше білім беруді қажет ететін нақты балалардың ерекшеліктері және оны қолдау тәсілдері туралы мамандардың (психолог, дефектолог, медицина қызметкері) дәрістері мен консультациялары.



Назар аударыңыз!

Мектепте инклюзивті мәдениетті дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдармен Академия сайтынан келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/3?page=22>

Арнайы білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ/СЫНЫПТАРДА БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

«Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (08.02.2024 № 27 өзгертулер мен толықтырулармен), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 (27.07-ге өзгерістер мен толықтырулармен. 2017 жылғы № 352, 20.09.2018 жылғы № 469, 05.02.2020 жылғы № 51, 01.04.2022 жылғы № 123) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқыту білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы білім берудің білім беру бағдарламалары, негізгі орта білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы білім беру бағдарламаларын (бағдарламалар Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық сайтында – special-edu.kz орналасқан), сонымен қатар жалпы орта білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Оқу процесінде арнайы оқу-әдістемелік кешендер, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу-әдістемелік кешендер пайдаланылады.

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Үлгілік оқу жоспарының түзету компоненті бойынша сабақтарды «Дефектология» («Арнайы педагогика») мамандығы бойынша және/немесе арнайы мектеп/сынып түріне сәйкес Білім беру бағдарламасы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер жүргізеді.

Түзету компонентінің пәндерін оқу жоспарының инвариантты компонентінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ бөлінген сағаттар санын қысқартуға жол берілмейді.

Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптардағы оқу іс-әрекетін олигофренопедагог жүзеге асырады.

Қажетті жағдайларды жасау кезінде (ұйқы және демалыс) бастауыш білім беру деңгейіндегі арнайы мектептердің/сыныптардың жұмысы бұзылыстарды жеңу және орнын толықтыру, қажетті қорғаныс (сөйлеу, қозғалыс) педагогикалық режимін қамтамасыз ету үшін ұзартылған күн режимінде, әлеуметтік дағдыларды дамыту бойынша ұйымдастырылады.

Оқу күн тәртібі білім алушылардың шаршау мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді: үзіліске демалу үшін жеткілікті уақыт бөлінумен және бірінші ауысымда оқыту жүзеге асырылады.

Бастауыш білім деңгейі

0-сыныпта оқу жылының ұзақтығы 32 оқу аптасын, 1-сыныпта 33 оқу аптасын, 2-4 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш сыныптарда (үйден тегін жеке оқытуды қоса алғанда) білім беру қызметін тиісті бейіндегі арнайы педагогтер немесе тиісті бейінді қайта даярлау туралы сертификаты (қуәлігі) бар педагогтер жүргізеді.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілі күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектептерде/сыныптарда тиісті бейіні бойынша біліктілікті арттыру/қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты (қуәлігі) болған жағдайда бастауыш сынып мұғалімдері оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізе алады.

Негізгі орта білім деңгейі

5-10 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы - 34 оқу аптаны құрайды.

5-10 сыныптарда (оның ішінде үйде жеке тегін оқыту кезінде) білім беру қызметін арнайы мектеп/сынып бағытына сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өткен пән мұғалімдері жүзеге асырады.

Арнайы мектептердің/сыныптардың түлектері (зияты зақымдалған оқушыларды қоспағанда) алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады.

Жалпы орта білім деңгейі

Арнайы мектептер/сыныптар жағдайында 11-12 сыныптарда көру, есту қабілеті зақымдалған, тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар білім алушылар жалпы орта білім алады. Бейіндік оқыту екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. Бір немесе екі бағытты таңдауды мектеп білім алушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

Зияты зақымдалған балаларды оқытуды ұйымдастыру

Зиятында бұзылысы бар балаларды оқыту зияты жеңіл және орташа түрде бұзылысы бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. ТОЖ-ның білім беру салалары мен оқу пәндері, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны МЖМБС мазмұнына бағытталмаған.

Есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған арнайы мектептерде зиятында бұзылысы бар білім алушылар анықталған жағдайда 4-6 оқушыны құрайтын арнайы сыныптар құрылады. Сыныптарда оқыту мектеп түріне сәйкес үлгілік оқу жоспарынан түзету компонентін енгізе отырып, зиятында бұзылысы бар балаларға арналған үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Арнайы мектептің, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың зиятында жеңіл және орташа бұзылыстары бар білім алушылардың осы санаты үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015

жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес). Зияты зақымдалған білім алушылар екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

Зиятында бұзылыстары бар білім алушылардың арнайы мектепте/сыныпта білім алуы негізгі орта мектеппен (10 сыныппен) аяқталады. Білімін алуын кәсіптік даярлау колледждерінде жалғастыра алады.

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ/СЫНЫПТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10) сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

Білім алушылар белгіленген тәртіппен қорытынды емтихандарынан босатылуы мүмкін.

Арнайы мектептерде және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді.

[6

Ішкі және сыртқы бағалауды өткізу ерекшеліктері



Ішкі бағалаудың ерекшеліктері

Бағалау нормативтік құқықтық актілерге және педагогтерге, ата-аналарға және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізіледі:

- 2023 жылғы 1 қыркүйектегі енгізілген өзгерістерге сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;
 - 2023 жылғы 2 тамыздағы енгізілген өзгерістерге сәйкес «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;
 - Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде орта мектеп үшін критериалды бағалау және құжаттау рәсімдері бойынша нұсқаулық;
 - Бастауыш сынып педагогтеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
 - Негізгі және жалпы орта мектеп педагогтеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; оқу-әдістемелік құрал;
 - Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
 - Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
 - Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар;
 - Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
-

**Назар аударыңыз!**

Әдістемелік әзірлемелер www.uba.edu.kz сайтында қол жетімді

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау – білім беру қызметінің, оқыту мен оқытудың ажырамас бөлігі. Ішкі бағалау – бұл формативті (қалыптастырушы) бағалау негізінде оқу бағдарламасының мақсаттарына жетудегі білім алушылардың үлгерімін көрсететін педагогтердің ақпарат жинау процесі. Бағалау білім алушылар мен олардың ата-аналарына, мектеп басшыларына білім беруді жоспарлауда бағдар бола алатын үлгерім туралы қажетті ақпаратты береді. Ол үшін бағалау жарамдылық, объективтілік және сенімділік талаптарына сәйкес келуі керек. Бағалаудың негізгі мақсаты – оқыту мен оқытудың сапасын арттыру.

Ішкі бағалау формативті және жиынтық тәжірибелерді қамтитын критериалды бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Формативті бағалау

